СЕЙСЕНБІ
№78 (4326)
18.07.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

БАЛАНЫ ҚИЯНАТТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Елімізде балаларға зорлық-зомбылық жөнінен Түркістан облысы алда тұр. Сарыағаштағы 5 жасар балдырғанның айуандықпен өлтірілуі қазақстандықтардың жанын түршіктірді. Бұл мәселенің қоғамды алаңдатқаны ақпарат құралдарындағы сол қанды оқиғаға қатысты жаңалықтардың көп қаралым жинауынан аңғарылады. Қылмысқа Президент те назар аударды. Құқық қорғау органдары тергеу амалдарын жүргізіп жатыр. Күдікті анықталды. Бірақ проблема қалды. Елде балалар ең қорғансыз жандар болып отыр.

САРЫАҒАШ ТРАГЕДИЯСЫНА НЕГЕ ЖОЛ БЕРІЛДІ?

Маусым айының соңында Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа мәжілісіне өзі қатысқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев полиция жұртқа неғұрлым жақын болуы және халықтың қорғаны болуы шарт екенін нықтады.

Бұл дегеніміз, әрбір тәртіп сақшысы өзіне сеніп тапсырылған әр шағынаудан, көше, ауыл, ауладағы тұрғындарды өз туысындай тануы, әр отбасыдағы проблемамен таныс болуы қажет. Сондай-ақ білумен шектелмей, әрбір тентек-теліні, содыр-сойқанды сырттай бақылап, қаскүнем іске баруының алдын алу үшін бәрін жасағаны жөн. Бұл – АҚШ, Германия, Нидерланд және басқа да дамыған мемлекеттер табысты енгізіп, жүзеге асырып келе жатқан озық тәжірибе. Ал біздің елде тұрғындар төл инспекторының кім екенін білмейді. Бұған қоса, еңбекақысы төмен болғандықтан, олар жиі ауысады.

Бас прокуратураның мәліметіне сенсек, Түркістан облысының Сарыағаш ауданындағы зұлымдыққа құзырлы органдардың салғырттығы да «жол ашқанға» ұқсайды. Бүлдіршін қызды зорлықпен өлтірді деген күдікке іліккен аудан тұрғыны Г. бұрын бірнеше рет сотталған. Соның ішінде күдікті Г.-ның 2006 жылы адам өлтіргені үшін 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасына сотталғаны анықталды. Ендеше аса ауыр қылмысқа бейімі бар адам ретінде полицияның, пробация органдарының жіті бақылауында болуы тиіс еді.

(Жалғасы 5-бетте)

CANCEL CULTURE КҮШКЕ АЙНАЛДЫ

Қазір қиянат жасағандар заңмен жазаланып қана құтылып кетпейді. Қоғам алдында да жауап береді. Шетелде мұны Cancel culture деп атайды. Яғни, әлеумет қиянат жасағанды қаралап, оның бүкіл қызметінен бас тартады. Осылайша, тұлғаның қасықтап жиған абыройы бір сәтте төгіледі. Бұған боксшы Бейбіт Шүменовтің оқиғасы мысал. Қоғамда үлкен резонанс тудырған жағдай әлеуметтік желіде де қарсылыққа ұшырап жатыр.



ҚОҒАМДЫҚ ЭТИКА БӘРІНЕ ОРТАҚ

Қазір қазақ қоғамы қарсылығын ашық көрсететін болды. Кінәліні әлеуметтік желіде жерден алып, жерге салады. Мүмкін бұл дұрыс та шығар. Осының арқасында Рамиль Мухоряпов Chocofamily қосымшасын қазақшаласа, «Пинта» ресторандар желісі қазақша әуендер қоса бастады. Яғни, Cancel culture үлкен күшке айналып келеді. Жоққа шығару мәдениеті тек бизнес төңірегіне ғана емес, танымал азаматтарға да қатысты. Айталық, жақында әлеуметтік желіде боксшы Бейбіт Шүменовтің қоғамдық орында бала ұстаған адаммен жанжалдасқан бейнежазбасы кең таралып кетті. Білектің күшіне сенген боксшы төбелесте аянып қалмаған. Рингке арналған соққыларын қоғамдық орында барын салып көрсетіпті. Осы бейнежазбадан кейін халық Бейбіт Шүменовті ашық кінәлады. Қоғамдық этиканы сақтамағаны үшін жазасын алуы керек деп жатқандары да болды. Сәйкесінше, боксшыға қатысты Ішкі істер министрлігі қылмыстық іс те қозғапты.

(Жалғасы 4-бетте)

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕСІ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

3 БЕТ

АТҚАРУШЫ ХАТШЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

3 БЕТ

Қайрат БАЛАБИЕВ, Мәжіліс депутаты:

ҚАРЖЫСЫНАН АЙЫРУДЫҢ ӨЗІ – ҚАТАЛ ЖАЗА

Жақында Мемлекет басшысы қол қойған «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң қоғамда әлі де талқыланып жатыр. Азаматтық қоғам өкілдері мен заңгерлердің арасында қызу тартысқа түскен заңның мақсаты мен міндетін заң шығарушы орган өкілдері де біраз түсіндіріп берген болатын. Десе де, қоғам тарапынан сұралып отырған бірқатар сауалды Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Қайрат Балабиевке қойып көрдік.

(Жалғасы 4-бетте)

Ұлағат ХАНЗАДА, этнограф:

БҮГІНГІ ТАЗЫЛАР БҰРЫНҒЫДАЙ ЕМЕС

Қазақ ұғымында сал-сері дегенде көз алдымызға ат ерттеп, тазы ертіп, қолына қыран құсты қондырып, саятшылық құратын, өнерімен де халықты тамсантқан жанды келтіреміз. Сондай бір жанның бүгінгі бейнесі деп Ұлағат Ханзаданы атасақ жарасады. Ол – ақындық, журналистік қырларынан бөлек, ат ерттеп, тазы ерткен саятшының өзі. Ежелгі бабалар өмір салтын берік ұстанған жанмен «жеті қазынаның» бірі аталған асыл текті тазы тұқымы туралы кеңірек білу мақсатында сұхбат құрған едік.

– Ұлағат мырза, сізді ақындық өнеріңізден бөлек, саятшылықты серік еткеніңізді білеміз. Бүгінде қазақ өмір салтынан алыстап бара жатқан саятшылыққа қызығушылығыңыз қалай туындады?

– Менің саятшылыққа, қазақтың аңшылық танымына, тазыға деген қызығушылығым бір күнде ғана пайда бола қалған жоқ. Әкелерімізден қалған, ағаларымыздан көрген үлкен таным еді. Бала кезімізде біздің ауылда санаулы ғана адамдар тұрды. Сол санаулы елді бүкіл жұрт сыйлайтын. Себебі олар ат ұстап, тазы ертіп, саятшылықты, аңшылықты серік еткен жандар болды. Жан-жақтан ауып келетін аңдарды аулап, сол ауылды азан-қазан қылып жатушы еді. Сол кездері ауылдың жұрты тайлы-тұяғымен, тіпті ауданның атқамінерлері келіп аңшылардың үйіне жиналып, саятшылықтағы, аңшылықтағы қызықты әңгімені тыңдауға құмартып отыратын.

8 ▸▸

КИНО – КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты құрылтайдың екінші отырысында креативті индустрияны жаңа деңгейге көтеру керектігіне тоқталды. «Қазір медиа саласы, кино және сериал, мультфильм, спорт және музыка шоулары, компьютер ойындары мен кітаптар – бәрі бірігіп, біртұтас жүйеге айналды. Бұл жүйе озық құндылықтар мен қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Біздің бұл саладағы әлеуетіміз орасан зор. Оны толыққанды жүзеге асыру үшін нақты шаралар қабылдау қажет», – деді Президент.

6 ▸▸

АЙМАҚТАРДЫ АРАЛАУ ЖАЛҒАСУДА

Сенат депутаттарының аймақтарға сапары жалғасып жатыр. Халықпен кездесу барысында өңірлердегі өзекті мәселелер талқыланып, олардың шешімін табу жолдары іздестірілуде.

Парламент Сенатының депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Алишер Сатвалдиевтің сапары Қазығұрт ауданында жалғасты. Өнер мектебінде жергілікті тұрғындармен болған кездесуге ардагерлер кеңесінің мүшелері, кәсіпкерлер мен шаруалар, аудандық мәслихат депутаттары және қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты. Сенаторлар кездесу барысында қабылданған ұлттық және халықаралық заңнаманың баптары мен оған толықтырулар туралы жиналғандарға жан-жақты түсіндіріп, өңірдегі мәселелер бойынша пікір алмасты.

Ал сенаторлар Нұрлан Бекназаров пен Айгүл Қапбарова Шымкент қалалық мәслихат депутаттарымен және қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесті. Қалалық мәслихат депутаттары мен қоғамдық белсенділер кездесу барысында әлеуметтік төлемдердің мөлшері мен тәртібіне, қала аумағындағы инфрақұрылымды дамытуға, газ жеткізуге, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ішкі нарықты қорғауға, кәріз жүйелерін тазартуға қаржы бөлуге және т.б. маңызды мәселелерге қатысты сұрақтар қойды. Депутаттар кездесулерде көтерілген мәселелерді бақылауда ұстайтынын және Үкіметпен бірлесіп оларды шешу жолдарын әзірлейтінін атап өтті.

Сенат депутаты Руслан Рүстемов Қызылорда облысындағы Жалағаш ауданында болды. Жергілікті тұрғындар өз кезегінде Жалағаш, Қармақшы, Қазалы аудандарындағы Аққыр, Шобанқазған, Кәукей ауылдарына шекара маңы аймағының мәртебесін бекіту, Жүргенов ауылында мәдениет үйін салу және «Дипломмен – ауылға» бағдарламасын жетілдіру мәселесін көтерді.

Парламент Сенатының депутаты Бекболат Орынбеков Жамбыл ауданында болып, Тастөбе ауылындағы «Қызылдихан» өндірістік кооперативінің жұмысымен танысты. Сапар барысында сенаторға даладағы жұмыс барысы көрсетілді. Аудан әкімінің айтуынша, кооператив қарамағындағы жердің жалпы ауданы 1 875 гектарды құрайды. Кооператив басшылары 1 745 гектар ауыл шаруашылығы алқабын пайдаланады. Бүгінде Тастөбе ауылының елу тұрғыны кәсіпорында жұмыс істейді.

Сенат депутаты Бекбол Орынбасаров Маңғыстау облысындағы жұмысы аясында әлеуметтік нысандарды аралап, еңбек ұжымдарымен әңгімелесті. Кездесу барысында депутат экономика салаларындағы қолдау шараларына түсініктеме беріп, өңдеу өнеркәсібін одан әрі дамытуға бағытталған негізгі тетіктерге тоқталды.

Сенатор Айнұр Арғынбекова Семей қаласындағы «Жылукомунэнерго» МКК-де болып, 2023–2024 жылдарға арналған жылыту маусымына дайындық жоспарымен танысты. Оған қаладағы қазіргі кездегі жылу көздері туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Сенат депутаты Закиржан Кузиев Алматы облысына сапарында Қонаев қаласын дамыту жоспарымен және G4 CITY арнайы экономикалық аймағының жобасымен танысты. Сенаторға Алматы мен Қонаев қалаларының арасындағы, Алматы-Өскемен республикалық автомагистралінің бойында орналасқан G4 қазіргі заманғы құрылымдағы кіріккен төрт ақылды қала екені айтылды. Бұл экономикалық аймақ қаржы, бизнес, мәдени және сәулет орталығына айналады.

СЕГІЗ ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Ақтөбе облысы Алға аудандық сотында Қарабұлақ ауылының әкімі Ернар Махамбетовтің өліміне қатысты іс қаралып, үкім шықты. Сотталушы Құрман Өтегенов 8 жылға бас бостандығынан айырылды.

Іс материалына сүйенсек, жәбірленуші мен сотталушы шаруа қожалығына барып, сол жерде ішімдік ішкен. Кейін арада жанжал шығып, бірі екіншісіне пышақ сұғып алған. Сот медициналық сараптама қорытындысына сүйенсек, жәбірленуші Ернар Махамбетов кесіп-тесетін заттан жаралануып, көп қан жоғалтқаны белгілі болды. Ауруханаға жеткізген кезде оның өлімі тіркелді.

«Сотталушы Құрман Өтегенов Қылмыстық кодекстің «Денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру» бабы бойынша айыпты деп танылып, 8 жылға бас бостандығынан айыру жазасын тағайындалсын. Жазасын өтеу орны қылмыстық атқару жүйесінің қауіпсіздігі орташа мекемесі болып белгіленсін», – деді Алға аудандық сотының судьясы Камшат Килбаева.

Еске салсақ, оқиға былтыр желтоқсан айында болған еді.

ҚЫРЫҚ МИЛЛИОНДЫ ҚЫМҚЫРҒАН

Павлодарда өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, тұрғындарды 40 млн теңгеге сан соқтырған алаяқ ұсталды. Бұл туралы ІІМ Криминалдық полиция департаменті Киберқылмысқа қарсы күрес орталығының бастығы Жандос Сүйінбай деп мәлім етті.

«Биыл Астана қаласы Полиция департаментінің базасында бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейтін CyberPol пилоттық жобасы құрылды. Киберқылмыстарды тиімді тергеу және ашу үшін тергеу, жедел және криминалистикалық бөлімшелердің қызметкерлері бір жерде шоғырланып, банк секторымен және ұялы байланыс операторларымен жедел өзара іс-қимылды жүзеге асырады», – деп түсіндірді Жандос Сүйінбай.

Оның сөзінше, Павлодар облыстық полиция департаментінің CyberPol тобы банк қызметкерлерінің атынан алаяқтық жасаған қала тұрғынын ұстаған.

«Қазір күдіктінің 20 қылмысқа қатысы бар екені анықталды. Келтірілген залал сомасы шамамен 40 млн теңгені құрады. Оған ешқайда кетпеу туралы бұлтартпау шарасы қолданылды», – деп мәлім етті Жандос Сүйінбай.

Айта кетейік, биыл алғашқы жартыжылдықта елімізде 9,4 мың интернет-алаяқтық қылмысы тіркелді.

ЖИЫРМА МИЛЛИОНҒА ЖАҚЫНДАДЫҚ

Биылғы 1 маусымдағы дерекке сәйкес, еліміздегі халық саны – 19 млн 879 мың адам.

Ұлттық статистика бюросының деректерінше, жалпы халықтың 61,9 пайызы немесе 12 297 100 адам – қалада, ал 38,14 пайызы немесе 7 581 900 адам ауылда тұрады.

2023 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстанға келгендер саны 2022 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда 91,8 пайызға артып, кеткендер саны 45 пайызға азайды.

Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен өтуде. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі – 89,5 және тиісінше 72,1 пайызды құрады.

Ел ішінде қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 2,6 пайызға азайды. Өңіраралық қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырымы еліміздің 3 өңірінде – Алматы (12 145 адам), Астана (11 424 адам) және Шымкент (571 адам) қалаларында байқалды.

КІРЖУҒЫШ МАШИНАҒА КЕПТЕЛІП ҚАЛҒАН

Оралда екі жасар қыз кіржуғыш машинаның барабанына қыстырылып қалды.

Облыстық Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз қызметі мәлім еткеніндей, оқиға 17 шілде күні түстен кейін М.Жүнісов көшесіндегі 184-үйде болды.

«Сағат 14.20-да 112 пультіне қыз баланың жартылай автоматты кіржуғыш машинаның барабанына қыстырылып қалғаны жөнінде хабар түскен. Оқиға орнына жедел жеткен құтқарушылар 2021 жылғы қызды арнайы құралдардың көмегімен машина барабанынан шығарып, ата-анасына табыстады. Сәбиге алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Жұмыс сағат 15.00-де аяқталды. Департамент мамандары ата-аналарға кішкентай балаларын қараусыз қалдырмау керектігін еске салады» деп хабарлады ведомстводан.

ЖОЙҚЫН ЖОЛ АПАТЫ БОЛДЫ

Түркістан облысында жантүршігерлік жол апаты болып, 9 адам қаза тапты.

Бәйдібек аудандық полиция бөліміне 17 шілдеде сағат 09:00 шамасында Шаян ауылы маңында жол апаты болғандығы туралы хабарлама келіп түскен.

«Облыстық маңызы бар Екпінді-Созақ тасжолы бойында Nissan, Toyota Camry және Volkswagen Grafter автокөліктері соқтығысқаны анықталды. Апат салдарынан көлік құралдары өртенген. Нәтижесінде, 9 адам қаза болып, 13 адам ауруханаға жеткізілді. Екі адам медициналық көмектен бас тартты», – деді Түркістан облысы ПД бастығының бірінші орынбасары Бағланбек Айтпаев.

Алдын ала мәліметтер бойынша, Nissan автокөлігі қарсы бағытқа шығып кеткен.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАНДАЙ КӨЛІККЕ ҚҰМАР?

Биыл қазақстандықтар 66 мыңнан астам жаңа автомобиль сатып алды. Бұл туралы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мәлім етті.

«Қазақстан Автобизнес қауымдастығының деректеріне сәйкес, екінші ай қатарынан айлық сатылымда рекордтық көрсеткіш тіркеліп отыр. Мамырда отандық дилерлер 14 688 жеңіл автомобиль мен коммерциялық техника сатты. Бұл былтырғы мамырдағы көрсеткіштен 77,2 пайызға көп» делінген министрліктің хабарламасында.

2023 жылдың 5 айында ел тұрғындары 66 331 жаңа жеңіл автомобиль, жүк көлігі мен автобус сатып алды. Бұл өткен жылдың көрсеткішінен 65,8 пайызға жоғары. Ең көп сатылған брендтер – Hyundai, Chevrolet және Kia.

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫС МӘСЕЛЕСІ ТОЛҒАНДЫРАДЫ

Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов елордадағы Арбатта «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысты. Іс-шара Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында жастарды қолдау мәселесіне баса мән берілген. Бұл бойынша 2029 жылға дейін 2,3 миллион жасты жұмысқа орналастыру міндеті қойылып отыр.

Осы орайда партияның «Жастар Рухы» жастар қанаты «Жастарға жұмыс» жобасын жүзеге асыруда. Оның негізгі бағыттарының бірі – бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу. Жәрмеңке 10-20 шілде аралығында еліміздің барлық өңірінде ұйымдастырылатын болады.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысып, жастармен және әлеуетті жұмыс берушілермен әңгімелескен Ерлан Қошанов «Бүгінде жастар қауымын толғандыратын негізгі мәселенің бірі – жұмысқа орналасу. Жастардың қалауы мен әлеуетіне сай келетін лайықты жұмыс табу өте маңызды. Бұл олардың өз қабілет-қарымын шыңдаудың, отбасы мен елдің игілігі үшін адал еңбек етуінің алғышарты. «Жастарға жұмыс» жобасы, міне осыған бағытталған. Бұл бастама жастардың жұмыс табуын қолжетімді, ашық әрі ыңғайлы етеді», – деді. Сондай-ақ партия төрағасы партия жанындағы жастар қанатының басты мақсатын жеткізіп, мемлекет ұсынатын мүмкіндіктерді қалай пайдалануға болатынын жастарға түсінікті тілде сауатты әрі жан-жақты түсіндіру екенін атап өтті.

«Жастарға жұмыс» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейді. Онда ізденуші бос жұмыс орындарының бар-жоғын біліп қана қоймай, сол жерде қажетті мәлімет алып, жұмыс жағдайын нақтылай алады. Жәрмеңкеде жұмысқа орналастырудан бөлек, жастарды әлеуметтік қолдауға қатысты мемлекеттік барлық бағдарлама бойынша кеңес беріледі. Бұл дегеніміз баспана алудан бастап, емделуге, жеке кәсіп бастауға және білім алуға қатысты бағыт-бағдар ұсынылады деген сөз.

Сонымен қатар жоба аясында жылдық мөлшерлемесі 2,5%-ды құрайтын несиелендіру, тау-кен өнеркәсібінде 2 мың бос жұмыс орнын құру, жас мамандарды IT-дағдысына үйрету үшін 3 мың ваучер бөлу және тағы басқа бастамалар қарастырылған.

Елордадағы бос жұмыс орындары жәрмеңкесі Арбатта – ашық аспан астында ұйымдастырылуының да өзіндік мәні бар. Себебі бұл – жастар қауымы көп жиналатын көрнекті орын. Шараға қатысқан мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор және жеке компаниялар арасынан 70-тен астам жұмыс беруші 1300-ге жуық жұмыс орнын ұсынды. Олардың арасында ҚазАгроҚаржы, Қазпошта, Samruk-Kazyna Construction, Қазақстан темір жолы, Самұрық-Энерго және өзге де компаниялар келді. Іс-шараға 2000-нан астам адам қатысты.

Айта кету керек, «Жастарға жұмыс» жобасы биыл қаңтарда бастау алды. Осы уақыттың ішінде ел аумағында 120-дан астам бос жұмыс орындар жәрмеңкесі ұйымдастырылып, оған 90 мыңнан астам адам қатысты. Оның ішінде, 18,6 мың жас жұмысқа орналасуға жолдама алып үлгерсе, еліміздегі 3000-нан астам ірі және шағын кәсіпорындармен жастарды жұмысқа орналастыру жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілген екен. Ал бұған дейін «AMANAT» партиясы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге жастарды нәтижелі жұмыспен қамтуға бағытталған «Жастарға жұмыс» жобасын жүзеге асыру бойынша бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеген болатын.

Астана

АТҚАРУШЫ ХАТШЫ БОЛЫП ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың қаулысымен партияның Атқарушы хатшысы болып Президенттік Жастар кадрлық резервінің мүшесі Дәулет Кәрібек тағайындалды.

Дәулет Кәрібек 1990 жылы 12 қыркүйекте дүниеге келген. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін «Саясаттану» мамандығы бойынша бітірген, PhD докторы.

2019 жылы «Jas Otan» жастар қанатын басқарып, ҚР Президенттігіне кандидат Қ.Тоқаевтың республикалық штабының Team Qazaqstan жастар қанатына жетекшілік етті.

2020-2021 жылдары «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ басшысы болды.

2021 жылдың қаңтар айынан бастап «Nur Otan» партиясы Астана қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарды.

2021-2022 жылдары Жамбыл облысы әкімінің орынбасары лауазымында істеді.

2022 жылдың наурыз айынан бастап тағайындалғанға дейін «AMANAT» партиясының Хатшысы қызметін атқарды.

АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ БАР

Ұлытау және Қарағанды облыстарының бөлінуіне орай, өңірлердің басшылығы шешім қабылдап, Теректі стансасындағы 80 орындық мектептің құрылысын Қарағанды облысының құрылыс басқармасы толық аяқтап, Ұлытау облысының теңгеріміне өткізуі тиіс болатын.Құрылысы ұзаққа созылған нысанның пайдалануға берілуін енді «AMANAT» партиясы бақылауға алатын болды.

Үш жыл бұрын «БалхашПромТехстрой» ұйымы құрылысын бастаған мектеп 2022 жылы қолданысқа берілу керек еді. Алайда түрлі кемшіліктер орын алғандықтан конкурс арқылы екінші мердігерге берілді. Бұған ауыл тұрғындары алаңдаушылық білдірді. Алаңдауға себеп жоқ емес. Өйткені балалар жыл бойы ауыл клубының тар бөлмелерінде білім алып келгенді.

Жаңа мердігердің құжат рәсімдеуі ұзаққа созылып кетті. Салдарынан оқу жылының басталуына бір айдан аса ғана уақыт қалды. Енді бұл мәселені «AMANAT» партиясы өз бақылауына алып отыр. Парламент Мәжілісінің депутаты Жұлдыз Сүлейменова, Қарағанды облыстық құрылыс және сәулет басқармасы басшысының міндетін атқарушы Жанболат Құрманиязовпен бірге құрылыстың қандай деңгейде екенімен танысуға арнайы барды.

Тұрғындармен, ата-аналармен кездесіп, мәселенің мәнісін біліп қайтқан депутаттар жуық арада мәселенің шешімін табуға бар күш-жігерлерін салатындарын жеткізді. Бұл бағытта бүгіннің өзінде партия тарапынан кезек күттірмейтін жылдам шешімдер қабылдану үстінде.

Ұлытау облысы

ЖӘРМЕҢКЕ – ЖҰМЫС ТАБУҒА СЕП

Қарағанды қаласында кезекті жұмыс жәрмеңкесі өтті. Айта кетерлігі, бұл шараны «AMANAT» партиясы «Жастар рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалы ұйымдастырды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың және «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында жастарды қолдау мәселесіне баса мән берілген. Онда 2029 жылға дейін 2,3 миллион жасты жұмысқа орналастыру міндеті қойылды. Осы орайда партияның «Жастар Рухы» жастар қанаты «Жастарға жұмыс» жобасын жүзеге асырып отыр. Жобаның негізгі бағыттарының бірі – бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу, – дейді «AMANAT» партиясы «Жастар рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалы төрағасы Ержан Хамитов.

Айта кету керек, соңғы бір айдың ішінде Қарағанды қаласында «Жастар Рухының» ұйымдастыруымен 3 жәрмеңке өтті. Халық оның ішінде жастар ең көп шоғырланған Таир сауда үйі мен «Алтын арба» базарында өткен жәрмеңке қаладағы Орталық саябақта жалғасты.

Жәрмеңкеге бірнеше мекеме қатысты. Мысалы, KamaTyresKZ-ке резеңке бұйымдарын сынаушы, шина өндірісін бақылаушы сынды жалпы 27 мамандық бойынша бос жұмыс орнын ұсынса, қала кітапханаларына да қызметшілер керек.

Арнайы келген қалалық мәслихат депутаттары әлеуметтік мәселелер бойынша халықтың айтар уәжін тыңдады. Ал Аграрлық несие корпорациясынан келген өкілдер жастарға берілетін шағын несие туралы келгендерге айтып берді.

– Жәрмеңкені ұйымдастыруда бізге қолғабыс көрсеткен облыстық Жастар ресурстық орталығына, жұмыс беруші ұйымдарға, жұмыспен қамту орталығына және ақпараттық қолдау көрсеткен БАҚ өкілдеріне алғыс айтамыз, – дейді Ержан Хамитов.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

БЕЙБЕРЕКЕТСІЗДІК БЕЛЕҢ АЛЫП ОТЫР

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» фракциясы мүшелерінің өңірлерге сапары жалғасуда. Халық қалаулысы Бауржан Смағұлов Қарағанды облысының Шахтинск қаласында болып, «Шахтинстеплоэнерго» ЖШС-не тиесілі жергілікті жылу электр орталығына барды.

Сапар барысында халық қалаулысы жылу электр орталығындағы бірқатар мәселені анықтады. Мәселені уақытында шешпеген жағдайда қала тұрғындары қыста жылусыз қалады. Биыл мамырда 1-ші, 3-ші және 4-ші қазандықтарды жөндеу жұмысы басталды. Бұл жұмыс 15 қыркүйекте аяқталуы тиіс.

«Мердігер «Идиго принт» ЖШС-ның қызметіне қатысты көп сұрақ туындап отыр. Жөндеу жұмысын небары 4 адам жасап жатыр. Бұл – жеткіліксіз. Компанияның тек қарапайым қазандықтарды жөндеу тәжірибесі бар. Ал мұндағы жұмыс ауқымы едәуір үлкен. Тағы бір маңызды мәселе – ЖЭО шатырының апаттық жағдайы. Жабдықтар ұзақ уақыттан бері жаңартылмай келді. Жылу желілерінде тек гидравликалық сынақтар жүргізілді. Бір сөзбен айтқанда, мұнда бейберекетсіздік белең алып отыр», – деді Бауржан Смағұлов.

Депутат ЖЭО-ны жаңғырту мәселесін өз бақылауына алатынын мәлімдеді.

Айта кетейік, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қарағанды облысында жалпы 247,3 шақырым жылумен жабдықтау желілерін күрделі жөндеуден өткізу және қайта жаңғырту, 320 шақырым электрмен жабдықтау желілерін күрделі жөндеуден өткізу және қайта жаңғырту, 110,8 шақырым су бұру желілерін және тағы басқаларды күрделі жөндеуден өткізу және реконструкциялау жоспарлануда. Бұған қоса, 2027 жылға қарай 109 ауылдық елді мекенде су тазартатын блок-модуль кешендері орнатылып, 10 елді мекен газбен қамтамасыз етіледі деп күтілуде.

Жадыра МҮСІЛІМ

Қайрат БАЛАБИЕВ, *Мәжіліс депутаты:*

ҚАРЖЫСЫНАН АЙЫРУДЫҢ ӨЗІ – ҚАТАЛ ЖАЗА

(Басы 1-бетте)

– Біздің елде осы уақытқа дейін бай-бағландардың шетел асырған байлығын қайтару мәселесі жиі сөз болды. Тіпті, жемқорлыққа қатысты заңдарға толықтырулар мен түзетулер енгізілді. Ал бұл жолғы заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы заңның қандай маңыздылығы болып отыр?

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңға қол қойды. Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару – мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Халықты Қазақстанның көптеген байлығын заңсыз иемденіп алғандар қызықтырып әрі ашындырып жатқаны жасырын емес.

Заңсыз активтерді қайтаруда негізінен азаматтық тәркілеу жүйесіне сүйенеді және бұл халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Мұнда ең үздік шетелдік тәжірибе қолданылады. Заң жобасын дайындау кезінде АҚШ, Канада, Германия, Ұлыбритания, Аустралия сияқты мемлекеттердің сот шеңберінде мүлікті азаматтық тәркілеу тәсілдері зерттелді. Оның мәнісі мынада: активтерді тәркілеу үшін заңсыз мүлік иесі өзінің лауазымы мен өкілеттіктерін пайдаланып, активтерді заңсыз иемденіп алғанын немесе қылмыстық әрекетке қатысы барын дәлелдеуі тиіс. Азаматтық тәркілеудің қылмыстық және әкімшілік тәркілеуден айырмашылығы, ол мерзімі өтіп кетсе де қылмыстық жауапқа тартуда ескіру мерзімдерімен шектелмейді.

Азаматтық тәркілеу тәсілін Еуропаның Адам құқықтары жөніндегі комиссия кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейтінін, сондай-ақ негізгі мүліктік құқықтарды бұзбайтынын мәлімдеген. Заңсыз шығарылған активтерді мемлекетке қайтару Заңы ел үшін игілікті құжаттың бірегейі екені анық.

Заңның өзіне келетін болсақ, Парламент қабырғасында негізінен талқыланып, оны қос палата депутаттары мақұлдады. Заңсыз иемделінген активтерді мемлекетке қайтару – күрделі процестердің бірі, сондықтан активтерді ерікті немесе мәжбүрлі тәртіппен қайтарудың екі жолы қарастырылған. Біріншісі – заңсыз иемделінген активтерді ерікті түрде қайтару, ал екіншісі Республиканың, шет мемлекеттердің сот актілері немесе шет мемлекеттердің құзыретті органдарының шешімдері негізінде мәжбүрлі түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Өз еркімен тапсырғандарға заңда белгіленген жеңілдіктер қолданылады, ал қаражатты жасыру сияқты заңсыздықтарға баратын болса, онда барлық құқықбұзушылықтар негізге алынып, тергеу толық жүргізіледі.

Қайтару тетіктері ірі сыбайлас жемқорлық субъектілеріне және әкімшілік-билік ресурстары, байланыстары, ықпалы бар адамдармен сыбайлас олигополиялық топтарға қолданылады. Сонымен қатар жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын субъектілерге, мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, сондай-ақ аталған тұлғалармен аффилирленген субъектілерге қолданылады.

– Дұрыс қой, дегенмен біздің елде талай жылдан бері талқыланып келе жатқан табыс декларациясын енгізу әлі де шешімін таппай келеді. Бұл орайда олардың табысы қалай анықталады?

– Декларацияда субъектілер заңды тұлғаның кірістерін, активтерін, жарғылық капиталына қатысу үлестерін, Қазақстандағы және шетелдегі қарыздарды, активтердің шығу тегі туралы өзге де мәліметтерді көрсетуге тиіс. Егер тұлға активтерді иемденудің заңдылығын растай алмаса, онда мұндай активтер шығу тегі түсініксіз активтер деп танылады. Заңсыз шығарылған активтер мониторинг және талдау барысында анықталады. Заңсыз иемденгендердің тізімі жабық болғанымен, активтерді қайтару процесінің ашықтығы қамтамасыз етіледі. Ол үшін арнайы комиссия жұмыс істейді.

Уәкілетті орган тарапынан сатып алынған активтердің заңдылығына қатысты орынды күмән туындаса, ол активтерді қайтару жөніндегі Премьер-Министр жасақтаған, Парламент депутаттарынан, қоғам қайраткерлерінен, Үкімет мүшелерінен, мемлекеттік органдардың бірінші басшыларынан және өзге де тұлғалардан құралған комиссияға осындай субъектілер мен олардың үлестес тұлғаларын тиісті реестрге қосу туралы ұсыныстар енгізеді. Өз кезегінде комиссия тұлғаларды реестрге енгізу туралы шешім қабылдайды. Сондай-ақ әлеуметтік, саяси және экономикалық тұрақтылықты ескере отырып, активтерді қайтару жөніндегі алдағы шаралар туралы шешім қабылдайды. Комиссия адамдарды Реестрге енгізген жағдайда, уәкілетті орган бұл туралы оларды хабардар етеді және осы сәттен бастап тұлғалар активтерді иемденудің заңдылығын растай отырып, активтер туралы декларацияны бір ай ішінде не 3 ай ішінде тапсыра алады.

Заңсыз иемденгендердің тізімі жабық болғанымен, активтерді қайтару процесінің ашықтығы қамтамасыз етіледі. Мемлекет пайдасына түскен активтер Қаржы министрлігіндегі қолма-қол ақшаны бақылау шоты саналатын Арнаулы мемлекеттік қорға беріледі. Қаражат Арнаулы мемлекеттік қордан әлеуметтік-экономикалық жобаларды қаржыландыруға жұмсалады. Заң жарияланғаннан кейін 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

– Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң жобасының мақсаты түсінікті. Бірақ актив дегеннің өзін қарапайым тілмен дұрыстап түсіндіріп беріңізші. Бұл – халықтың табысынан жымқырылған ақша ма, әлде бай-бағландардың елімізде тапқан табысын шетелде жасыруы ма? Заңсыз алынған активке нені жатқызуға болады?

– Заңсыз шығарылған активтерге барлығы кіреді. Мүлік пен ақша, акция да бар. ЖШС-тің атына тіркеп, тыққан мүліктер, қаржыны да құқық қорғау органдарының қырағы көзінен құпия сақтау мүмкін емес. Тіпті, жасыру мақсатында өзінің табысын туыс-туғаны мен ағайындарына, әріптестері мен жолдастарына, жолдастарының достары атынан шетелге заңсыз шығарып жіберген барлық дүниемүлік кіреді. Себебі заңсыз деген сол, оны кезінде олар халықтан да, мемлекеттен де жасырын ұрлап, қызмет бабын пайдаланып, астыға басқан ақша. Қазір прокуратура органдарына заңсыз иемденілген активтерді қайтаруды тапсырып отыр. Олар осы құжаттың нормасына сәйкес заңсыз шығарылған соманы тексереді, кім көп ақша шығарғанын анықтап шешім қабылдайды. Заң ережелерін қолдану үшін заңда белгіленген шекті сомадан – 13 млн АЕК-тен асатын (44 млрд 850 млн теңге немесе шамамен 100 млн АҚШ доллары) активтері болуға тиіс. Активтерді қайтару жұмыстарын жаңа құрылымдағы арнаулы уәкілетті орган – Бас прокуратура ведомствосы жүзеге асырады. Егер осы көлемде ақша шығарғаны расталса, олар байлықты қалай тапқанын, тиын-тебеннің, дүние-мүлкінің есебін беруі тиіс. Салық төлегендері мұқият зерделенеді. Әрине, бұл қыруар жұмысты талап етеді. Дегенмен заңның әділ әрі жан-жақты жұмыс істеуі үшін құжат депутаттар тарапынан мұқият талқыланды.

– Активті қайтару азаматтық және қылмыстық істерге жатады және әдетте олардың ескіру мерзімдері болады. Ендеше қолданыстағы заңнама активтердің тиімді қайтарылуын қамтамасыз ете ала ма?

– Орынды сұрақ қойдыңыз. Дәл осы қылмыстарды қарауда ескіру мерзімі деген болмайды. Осыдан 15-20 жыл бұрын шығарылған мүлік пен ақша болса да осы заң қолданылады. Тексеру жұмыстары жүреді. Салық декларациясын тапсырып, ақшаның қалай, қашан тапқанын дәлелдей алмаса, заңсыз табылған болып есептеледі. Бұл тексерістен мемлекетте үлкен қызметте істеген адамдар, квазимемлекеттік секторларда басшылық қызметте істегендер, олардың қарапайым қызметкерлері болса да заңсыз ақшалары болса тексеріледі.

Ал тергеу жұмыстарын жүргізуде қандай да бір жіберілген кемшіліктер болса әлі де қосымша өзгерістер енгізуге толықтай мүмкіншілік бар. Бұл заң өз мерзімінде қабылданып, қолға алынған шара деп айтуға болады. Себебі халықтың талабын орындау алдыңғы кезекте атқарылуы тиіс шара. Ендігі жерде халықтың қалтасына қол салғандар жауапкершіліктен жалтарып кете алмайды. Қазақстанның келешегі үшін қабылданып отырған заң бүгін қабылданбаса, халықтың сенімсіздігі арта береді. Қайтарылған ақшаның барлығы әлеуметтік салаға жұмсалады. Ұрланған ақшаларды халықтың өз пайдасына пайдалану қажет. Осылайша, заңсыз иемденілген активтерді қайтарып, экономикамыздың жұмыс істеуін алға жылжыту маңызды. Әліптің артын бақпай, байлықты жасырып қаламын дейтіндер қатты қателеседі. Кезінде құқық қорғау саласында қызмет істегенім бар. Заң ғылымдарының докторымын. Сондықтан дәл қазіргі сәтте халықтан жасырғанды, құқық қорғау органдарының көзінен жасыру мүмкін емес. Себебі қазіргідей технология дамыған заманда кез келген ұрлықты ашуға болады. Оның үстіне, қазір прокуратура органдарынан бөлек, тексеру жұмысын қадағалап отыратын комиссия бар. Ол жерде Үкімет басшысының өзінен бастап депутаттар мен зиялы қауым өкілдері, қоғамдық өкілдер заң дұрыс орындалуын қадалап отырады.

Қазақстанда кезінде заңсыз арзанға салынған стратегиялық мекемелерді де осы заң аясында қайта қарап, тексеріледі деп ойлаймын. Әсіресе, су, газ, халыққа бірінші қажетті стратегиялық маңызды мекемелердің жұмысын қайта тексеру қажет. Расында, сенімді қайтару қиын. Оңайлықпен адамдардың көзқарасын қалыптастыру оңай емес. Дегенмен қабылданған заң халықтың қажеттілігін өтеуге септігін тигізеді деп сенемін. Сол үшін уақыт ағымына сай заң қабылдаудан күдік іздемеген дұрыс.

– Қабылданған құжат маңызды екені анық. Бірақ елдегі кейбір заңгерлер мен қоғам өкілдері судьялардың шешіміне күмәнмен қарайды. Оның үстіне, заң нормалары нақты жазылмаған, ауқымы тым кең деп санайтындар бар. Алып-қосарыңыз бар ма?

– Сот жүйесінде екі тарап болады. Екі тараптың бір жағына оң шешім шығарылғанда, жеңілген екінші тарап соттың әділетсіз екендігін айтады. Бұл заңдылық. Бірақ қазіргі сот саласының қабылдап жатқан шешімдерінің арасында заңсыз деп танылғандары өте аз. Шамамен 98-99 пайызы заңды шешім қабылдап отыр деп есептеймін. Сондықтан басқа елдің соттарын көтеріп, өзіміздің соттарды қаралай беру дұрыс болмайды. Бізде де білімді, әділетті, халық үшін еңбек етіп жүрген, Конституция заңдарын берік сақтайтын, сол жолда адал еңбек етіп жүрген сот, прокурор, құқық қорғау органдары қызметкерлері жетерлік. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітетін» фактілер болып жатыр. Оны жоққа шығара алмаймыз. Бірақ солай екен деп барлығына топырақ шашу да дұрыс емес. Басқа елдерде болғанда көріп жүрміз. Біздің мамандар, заңгерлер мен құқық қорғау қызметкерлері батыс елдеріндегі әріптестерден ешбір кем емес. Айлыққа күн көріп отырса да, антына адалдық танытып, таза еңбек етіп жүрген сот саласының адамдары бар. Қабылданған заңның дұрыс жұмыс істеуіне сондай адал қызметкерлер себепші боларына сенімім мол.

– Сіз «өз еркімен қайтарса» деп айтып отырсыз. Яғни Қазақстанда мүлікті иесі өз еркімен қайтарса, қылмыстық іс қозғалмайды. Сонда мемлекет мүлкін заңсыз жолмен алған адам, яғни жемқор жауапкершіліктен босап кете ме?

– Өзекті сұрақ қойып отырсыз. Алайда шетел асырған ақшасын қайтарып жатса, олар үшін осының өзі қылмыстық жауапкершілікке тартылғанмен бірдей. Себебі барынан, осы уақытқа дейін жиғантергенін, тыққан мал-мүлкінен, қаржысынан айырылу қатал жаза деп ойлаймын. Бүгінгі мақсат – халықтың әл-ауқатын күшейту, ұрланған ақшаны игілікті іске жұмсау. Ал егер өз еркімен қайтармаса, сотқа талап-арыз беру арқылы, құқық қорғау органдары қылмыстық іс қозғап қайтартуға толық мүмкіншілік бар.

Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСІЛІМ

CANCEL CULTURE КҮШКЕ АЙНАЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Көктем ҚАРҚЫН

– Қазір тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Қылмыстық іс бұзақылық бабы бойынша қозғалды. Ол жерде ауыр емес қылмыс жасалған, сараптама көрсетеді. Біз де күтіп отырмыз. Шүменов масаң күйде болған жоқ, – деп түсіндірді Ішкі істер министрінің орынбасары Қайрат Сүнтаев.

Ал Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Зәкиева оқиғада баланың да жапа шеккенін ескертті. Себебі балаға қауіп төну фактісі әлеуметтік желілерде жарияланған бейнекадрларда анық көрінеді.

– Бұл жағдайда тұлғаны Қылмыстық кодекстің 115-бабы («Қорқыту») бойынша да жауапқа тарту қажет деп ойлаймын. Қолданыстағы заңнамада баланың қауіпсіздігі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдай туғызу әрекетіне жауапкершілік көздейтін бап жоқ. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңнамаға дайындалған өзгерістер блогына тиісті ұсыныс енгіземін. Жалпы, біз, ересектер, кез келген жағдайда балалар туралы ойлауымыз керек, – дейді Динара Зәкиева.

Ал боксшы өз баласын қорғау үшін осындай әрекетке барғанын айтып, ақталған. Оның айтуынша, желіде тараған бейнежазба тек үзінді ғана. Оқиғада жанжал бастаған екінші тарап екен.

– Сіздер баламен тұрған еркекті аяп жатырсыздар. Ал ол баласын қорғаны қылып тұрғанын ойламадыңыздар ма? Мен кәсіби боксшымын, соққыларымды қайда жұмсау керегін білемін. Содан соң біз Есіл аудандық полиция бөлімшесіне бардық. Балалардың анасы менен, жұбайымнан кешірім сұрады. Анасының айтуынша, ұлының аутизмі бар болғандықтан, басқаларды себепсіз ұрып-тебуі мүмкін екен. Ұлдың анасы осылай айтқанда, мен қатты аядым. Балаларды қатты жақсы көремін, сондықтан оған сабыр тілеп, ұлының айығып кетуіне тілектестік білдірдім. Бәріміз жылы қоштастық. Ал мен төбелесіп қалған ер адам сот медициналық сараптамадан өтті, еш жері жарақаттанбаған. Осы орайда, ер адамның қолында тұрып, келеңсіз жайттың куәсі болған балақайдан кешірім сұрағым келеді, – деп жазды Бейбіт Шүменов.

Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 ақпандағы бұйрығына сәйкес спорттық этика ұғымы бекітілген. Яғни спортшы қоғамға жат мінез-құлық көрсетсе, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін қорласа заң алдында жауап беруі тиіс. Спорт сарапшысы Аслан Қаженовтің айтуынша, қоғамдық этика да, спорттық этика да әрқашан сақталуы керек.

– Менің ойымша, боксшы қылмыстық жауапкершілікке тартылуы қажет. Себебі оның әрекеті кәсіпқой боксшыға жараспайды. Бейбіт Шүменов – қатардағы спортшы емес, қазақтың атын әлемге шығарып жүрген азамат. Қай спорт түрінде болса да, спортшы өз күшін көшеде қолдануына болмайды. Қандай жағдай болса да. Кейбір спорт түрлерінде спортшы осындай әрекетке барса, кейін жаттығуға кіргізілмейді. Себебі спортшылардың соққылары қауіпті. Адамның қай жерінен соққан кезде құлатуға болатынын біледі. Дайындығы жоқ, көшедегі қарапайым адамға осындай соққы жасаса, арты өліммен аяқталуы мүмкін. Жүрек клапандарының ашылып, жабылатын уақыты болады. Сол кезде соқса, адам бірден жан тапсыруы мүмкін. Бұл жерде Бейбіт Шүменов саналы түрде күшін қолданып, қоғамға қауіп төндіріп тұр. Қалай ақталса да, заң алдында кінәлі адам жауап беруі керек. Күшім бар екен деп, онды-солды сілтей беруге болмайды. Басқа боксшыларға сабақ болатындай, осы оқиғада әділеттілік шешім табуы керек, – дейді спорт Аслан Қаженов.

CANCEL CULTURE КЕРЕК ПЕ?

Заң боксшыны тек бір бап бойынша кінәлап отырғанымен, қоғам Бейбіт Шүменовке бірнеше норманы бұзғаны үшін кінә артады.

– Жалпы адам құқығы тұрғысынан алатын болсақ, бұл оқиғада бірнеше норма бұзылып тұр. Өйткені Конституцияға сәйкес адамның жеке кеңістігіне кез келген жерде бөтен адам қол сұқпауы керек. Ал бұл жерде боксшының қоғамдық орында адамға қол көтеруі, біреудің жеке кеңістігіне рұқсатсыз енуі дұрыс емес. Бейбіт Шүменов өзі Америкада тұратын азамат екен. Бірақ АҚШ-тың қай штатын алып қарасаңыз да, ол жақта заң адам құқығын жоғары қояды. Тіпті бейтаныс адамның денесіне қол тигізу де заңмен қарастырылады. Сондықтан Америка заңымен қарасақ та, боксшының әрекеті дұрыс емес, – дейді PR маманы, медиасауат тренері Салтанат Әскербекқызы.

Жалпы Cancel culture (жоққа шығару мәдениеті) — жұртқа атағы кең жайылған адам не кез келген бренд қоғамның қандай да бір моральдық нормасына қайшы, белгілі бір топты қорлайтын, сексисттік не гомофобиялық (қысқаша айтқандай, алалайтын) мәлімдеме/іс әрекет/мәтін/өнім жасаса, соған қарсы әлеуметтің реакциясы. Көбіне өнімді не тұлғаның қызметін пайдаланбауға әлеуметтік желі арқылы шақыру. Мысалы, Оскар сыйлығын табыстау рәсімінде актер Уилл Смит әйеліне ауыр сөз айтқаны үшін жүргізушіні соққыға жықты. Уилл Смиттің өз шындығы болғанымен де, қоғам этиканы бұзғаны үшін актердің киноларына бойкот жариялады. Кино компаниялар Смитпен келісімшарттарынан бастартты. Шетелде қоғамдық этика кәсіби этикадан да жоғары тұрады.

– Cancel culture – адамдық мәдениет этикасы. Әлемдік стандартқа сәйкес соңғы кезде Cancel culture деп қолданғанымызбен, атам қазақ қалдырған «Дала заңында» бұл мәдениет бұрыннан бар. Яғни бізге ол керек пе, оны батыстан не басқадан алдық демес едім. Мысалы, «Қыз Жібек» фильміндегі Төлегенді өлтіріп қойған Бекежанның қарабет болған көрінісі есте шығар: ауыл болып бетіне түкіреді... Міне, заңның көкесі! Дала заңы әділетті де! Қарнымның ашқанынан емес, қадірімнің қашқанынан жылаймын деген сөз бар. Қазақ ежелден айналасына зиянын тигізбей өмір сүрген. Адамға қиянат жасаған қарабетті билер институты реттеп отырған. Кез келген ереже заманның талабына сай жаңғырып отырады. Сондықтан бұл адамгершілік мәдениеті әлемдік стандарттарға сай кеңейіп жатыр. Cancel culture толығып, жаңарып жатыр. Сондықтан оны пайда болды деп айту қате. Бізде жоққа шығару мәдениеті бұрыннан бар, – дейді Салтанат Әскербекқызы.

Шетелде Cancel culture болып, спортшы әлеуметтік қарсылыққа ұшыраған кезде компания немесе спорт федерациясы арнайы мәлімдеме жасайды. Шүменовтың жағдайында мұндай үрдісті байқамадық. Негізі боксшының KZ Event Productions, Inc деген жеке проуметерлік компаниясы бар. 8 жасар ұлы да, жұбайы да АҚШ азаматтары екен. Алайда ол баласының Қазақстанда өскенін қалайды және сол үшін елге оралыпты.

– Бедел басты рөлге шығуы керек. Яғни көпшілікке танымал спортшы өз компаниясының беделін өшіреді не беделіне кір келтіреді. Бедел стандарты енгізілген компания өз спортшысына этика тұрғысынан, медиасауат бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек. «Компанияның беделіне нұқсат келтірмеу, насихаттау» ережесі құжат бойынша бекітіледі. Күтпеген әртүрлі жағдай орын алған кезде компания өз қызметкері үшін түсініктеме жасайды. Өйткені кез келген ұйымның көпшілік алдында жауапкершілігі бар. Қоғамдағы тәртіп пен мәдениеттің сақталуы үшін бәріміз жауаптымыз. Ұжымдық этика мен жауапкершілік тұрғысынан алғанда мұндай әрекет кез келген компанияның беделіне нұсан келтіреді. Репутацияны әр компания өз деңгейіне қарай құрастырып, бақылау жасап отырады. Компания өздеріне керек болса, қоғам алдында кешірім де сұрайды. Сондықтан танымал адам қоғамда өзін-өзі ұстауды үйренуі керек, – дейді PR маманы.

Cancel culture немесе жоққа шығару мәдениеті көп адамға әлеуметтік әділет орнату жолы көрінгенімен, оның айналасындағы дау-дамай да тоқтар емес. Біреулер мұны басқа құралдар жұмыс істемегенде қолданатын ықпал ету амалы ретінде көрсе, енді бірі цензура, басқа ойға төзбеудің жабайы формасы дейді. Енді бірі мәселенің байыбына бармай адамның болашағына балта шабумен теңестіреді. Салтанат Әскербекқызының айтуынша, қоғам мұндай қателікті ашық сынауы керек. Өйткені Қазақстан әлемнен бөлек емес. Спортшы қай елдің азаматтығын алса да, біздің территориямызда болып тұрған оқиға заңмен қаралуы керек. Не үшін қоғам болып Cancel culture арқылы талап етуіміз керек?

– Саналы, салауатты қоғамда біз бірбірімізге кемшілігімізді айту арқылы ғана алға жылжи аламыз. Егер де біз көз жұма қарасақ, онда біз тобырға айналамыз. Тобыр өмір сүрген жерде мәдениет те, этика да, санасу да болмайды. Ол жоқ болса оның соңы хаусқа, тәртіп бұзушылыққа әкеледі,– дейді Салтанат Әскербекқызы.

Ендеше қоғамдық этиканы бұзу мұнымен шектелмейді. Заң да өз жазасын тағайындайды. Бірақ Cancel culture-ға ұшыраған тұлға халық алдындағы бар абыройынан айырылады.

БАЛАНЫ ҚИЯНАТТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

Лайықты бақылаудың жоқтығы салдарынан Г.-ның маскүнемдікке салынып, теріс өмір салтын ұстанатыны әшкереленді. Соның салдарынан, ол 2023 жылдың мамырында ішімдік ішу барысында ауылдасымен жанжалдасып, оны балтамен ұрған. Сол үшін қайтадан қылмыстық іс қозғалады. Сот Г.-ның жәбірленушімен татуласқанын және оның бұрынғы соттылығы өтелгенін ескере отырып, оны бостандыққа қоя берген. Яғни, 3 жыл бас бостандығын шектеп, пробациялық бақылау белгілеген. Г. пробациялық бақылау аясында қайтадан аса ауыр қылмыс жасап отыр.

Осыған байланысты пробация қызметінің қызметкерлеріне қатысты салғырттық фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды.

Мұның сыртында Президенттің тапсырмасына сәйкес, жеке адамға қарсы аса қауіпті қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтуге бағытталған заңнамалық түзетулер топтамасы әзірленуде. Мысалы, сарапшылар рецидивистерге бас бостандығын шектеу, айыппұл салу сияқты жеңіл жаза қолдануды, шектен тыс ізгілік танытуды жоюды ұсынады. Темір торға қамалғаны жөн.

Бас прокуратураның хабарлауынша, балаларға зорлық-зомбылық қылмыстар бойынша санкцияларды қайта қарау, жазаларды тағайындау және одан босату, соттылығын өтеу тәртібін, жеке адамға қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін жазасын өтеп жатқан адамдарға әкімшілік қадағалауды белгілеу шарттарын өзгерту мәселелері пысықталуда.

ЕЛДЕГІ ЕҢ ҚОРҒАНСЫЗ ЖАНДАР

Ішкі істер министрлігінің дерегінше, балалар – мемлекеттің қорғауына барынша зәру, ең осал топ болып қалды. Оларға қатысты жыл сайын 2 мыңға жуық қылмыс жасалады. Оның ішінде 700-дейі – жыныстық сипаттағы қылмыстар. Полицейлердің айтуынша, зорлық-зомбылық қылмыстарының 70%-дан астамын балалардың айналасындағылар, яғни туған немесе өгей әкелері, ағайындары, ата-анасының достары, туыстары, көршілер жасаған.

«Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау шаралары жетілдірілуде. Балалар саудасы, оларды жезөкшелікпен айналысуға тарту, сондай-ақ балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қол сұғу үшін жауапкершілік күшейтілді. Балаларға қатысты қылмыс жасағандарға неғұрлым жеңіл жаза тағайындау және шартты түрде мерзімінен бұрын босату мүмкіндігі алып тасталды. Педофилия үшін сотталғандар жазасын тек қауіпсіздігі барынша жоғары мекеме саналатын түрмелерде ғана өтейтіні жөніндегі норма енгізілді. Мұндай адамдар босатылғаннан кейін полиция оларға әкімшілік қадағалау белгілейді», – деді ІІМ өкілдері.

Уәкілетті органдар балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың жасырын фактілерін, сондай-ақ интернетті пайдаланатын педофильдерді әшкерелеу жұмыстарын ұйымдастыруда. Оқу орындары жаппай бейнебақылау жүйелерімен және техникалық күзет құралдарымен жарақтандырылып, қауіпсіздік шаралары күшейтілді.

Әйткенмен, ІІМ елде балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау тетігінің тиімділігі төмен екенін растады. Бұған көптеген адамның өзінің отбасылық-тұрмыстық қатынастарына мемлекеттің араласуын қаламайтыны да ықпал етеді.

Әлеуметтанушылардың айтуынша, кеңес заманында қаншама қуғын-сүргінді бастан өткерген қазақстандықтар мемлекеттің, әсіресе құзырлы органдардың отбасы істеріне араласуынан зәрезап болып қалған. «Балаларымды тартып алып, өзімді түрмеге отырғызып қояды» деп қорқатын адамдар жетерлік. Инспектор есік қақса, шошынады. Екі жыл бұрын отбасыдағы зорлыққа қарсы заң жобасына қоғамның үлкен бөлігінің үдере қарсы шығуының бір түп-төркіні де сол ауыр тарихи жадтан тамыр тартып жатса керек.

«Бірақ балаларды қиянаттан қорғау проблемасы барған сайын өзекті бола түсуде. Жауапты органдар қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, балаларға қатысты зорлық-зомбылық фактілерін ерте танып, әшкерелеуге көшкені маңызды. Сонымен қатар зорлықтың әралуан түрлері туралы жұртшылықты сауаттандыру қажет. Мысалы, дамыған елдерде көшеде әлдебір бала қиқарлық мінез танытып, қарсыласып жатса, оның хал-жағдайын сұрау немесе полиция шақырту керек деп үйретеді. Өйткені сол арқылы бала өзін ұрлап әкеткен немесе зорлық көрсеткелі тұрған адамға қарсылық білдіріп, өзге жұрттың назарын аудартуға тырысуы мүмкін. Ал бізде ересек адам баланы сабап жатса да, жұрт: «тәрбиелеп жатқан ата-анасы шығар» деп теріс айналады», – дейді әлеуметтанушы Динара Есімова.

Оның айтуынша, дамыған елдердегідей, балаларға зорлық-зомбылық фактілері туралы хабарлауына мүмкіндік беретін жүйе енгізілуі қажет. Мысалы,

олар сурет салу арқылы білдіре алады. Педагогтерді зорлық фактілерін танып білуге үйретіп, даярлаған жөн. Әйтпесе, «құлап қалдым» дегеніне сеніп, көгала қойдай сабалған баланы ары қарай мазаламайтын сынып жетекшілері аз емес.

БАЛАЛАР НЕГЕ ЫЗАЛЫ?

Өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен олардағы балаларға мемлекет тарапынан лайықты көмек көрсету, зорлық пен зомбылық құрбаны болған балаларды қорғау және реабилитациялау, психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету жағы кемшін.

ІІМ дерегінше, балаларға қатысты зорлық-зомбылық қылмыстардың саны 2021 жылы 18%-ға күрт өсті. 2022 жылы 6%-ға шамалы төмендеген. Балаларға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстардың 40%-ға өсуі ерекше алаңдаушылық тудырады.

Ішкі істер ведомствосының байламынша, бұған көбінесе отбасылық проблемалар, тұрмыстың нашарлығы және ата-аналардың теріс өмір салты себеп болады екен. Салдарынан, балалар қараусыз қалады.

Ranking сарапшылары өңірлер арасында балаларға қарсы қылмыстардың көбі Түркістан облысында жасалатынын хабарлады: 2022 жылғы 5 айда 100, биылғы бес айда 101 қылмыс тіркелді. Жас ұрпаққа қаскүнемдік оқиғаларының үлкен көлемі сонымен қатар Алматы қаласында (89 оқиға, былтырғы ұқсас мерзімнен 15,6% өсті) және Алматы облысында (86 оқиға, 23,2% кеміді) болған.

Сонымен бірге балалар отбасындағы ұрыс-керіс, төбелестің жанама құрбанына айналады. Жыл сайын отбасылық-тұрмыстық жанжал фактілері бойынша 25-27 мың адамға қатысты әкімшілік материал толтырылады. Соңғы үш жылда тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру деректері 42%-ға, ұрып-соғу 51%-ға ұлғайыпты.

Мұның бәрі соған куә болған балақайлардың моральдық-адамгершілік ахуалына теріс әсер етеді, өмір бойғы психологиялық жарақат салады және тұтастай алғанда жеке тұлғаның қалыптасуына және олардың болашақтағы тағдырына кері ықпалын тигізеді.

Полиция отбасылардың балаларға қатысты құқық бұзушылықтарды жасырып қалуға тырысатынын, ұят санайтынын ескертеді. Салдарынан көптеген қылмыс жасырулы қалады, полицияға шағым түспейді.

2019 жылдан бері жұмыс істемейтін, осал отбасылар мен олардағы кәмелетке толмағандарды медициналық, әлеуметтік есепке алу институты заңды түрде бекітілді. Алайда осы жұмысты регламенттейтін құқықтық актінің болмауы салдарынан бұл бағытта іс-шаралар жергілікті жерлерде дұрыс жүргізілмейді екен.

ЗОРЛЫҚ-ЗОРЛЫҚТЫ ТУДЫРАДЫ

Өмірге, қоғамға, мемлекетке өшіккен жеткіншектердің өздері кейде қылмысқа барып жатады. Қазақстанда 5 жыл ішінде 10 845 кәмелетке толмаған азамат қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Оның 75%-ы (8 118) жеке меншікке қарсы қылмыстарға, 10%-ы (1 160) қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпке қарсы қылмыстарға және 11%-ы жеке тұлғаға қарсы (1238) қылмыстарға барыпты.

Қылмыс жасағандардың жалпы санынан 2 350 жасөспірім әртүрлі жазаға кесілді. Соның ішінде 444-і бас бостандығынан айырылды. 4 030-ына қатысты – қылмыстық істер ақталмайтын негіздер бойынша тоқтатылды.

Жасөспірімдер қылмысының құрылымында орта есеппен 63%-ы ауырлығы орташа, 25%-ы ауыр, 10%-ы онша ауыр емес, 2%-ы аса ауыр санатқа жатады.

Бұл сала шынымен мемлекеттің де, қоғамның да жете назар аударуын, профилактикалық шараларға баса көңіл бөлуін талап етеді. Әйтпесе, белең алған зорлық-зомбылық құбылысына тосқауыл қойылмаса, жас ұрпаққа жасалған қиянат ұлтқа кесір болып жабысып, елдің жарқын болашағына балта шабуы мүмкін.

ТӘРБИЕ ТҮЗЕЛМЕЙ, ҚЫЛМЫС АЗАЙМАЙДЫ

Шымкент қаласында жасөспірімдер арасындағы қылмыс өршіген. Бозбала мен бойжеткендер арасында болатын бұзықтықтың көбі бірін-бірі ұрып-соғу және ұрлық болып тұр. Бұл туралы жақында Шымкент қаласы әкімдігінің жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия мәжілісінде айтылды.

Жыл басынан бергі 6 айда кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар саны былтырғы осы уақытпен салыстырғанда 48 пайызға өсіп, яғни 39-дан 58 оқиғаға артқан.

Шымкент қаласының Полиция департаменті басшылығы кәмелетке толмағандар қылмысының Қаратау ауданында тұрақталып, Абай ауданында 1-ге төмендегенімен, есесіне әл-Фараби ауданында – 53,8, Еңбекші ауданында 33,3 пайызға көбейіп кеткенін тілге тиек етті. Ал жаңадан құрылған Тұран ауданында алты айдың өзінде 11 қылмыс болған.

Қылмысқа барғандардың 9-ы – көршілес өңірлердің тұрғындары. Олар үшінші мегаполиске келіп қылмыс жасаған. Олардың 8-і Түркістан облысынан келсе, біреуі – Алматы облысының тұрғыны.

Иә, өзімізді осылай алдаусыратқанымен, жасөспірімдер арасындағы қылмысқа бейімділік пен үйірліктің артып бара жатқанын жасыра алмаймыз. Сорақысы сол, мектеп оқушыларының қылмысқа қатысуы екі есеге көбейген. Мәселен, былтыр дәл осы кезеңде 8 оқушы қылмыс жасаса, биыл оның саны 16-ға өсіп отыр. Олардың қатарында №28 мектептің 8-сынып оқушылары А.Н. және Т.С. екеуі топтасып, екі мәрте біреудің мүлкін ұрлаған. Одан бөлек, Шымкент қаласындағы №63, №31, №44 және №31 мектептің оқушылары бірігіп, былтыр желтоқсан айында ұрлық жасаған. Жыл басынан бері дәл осындай жағдайлармен №19 және №69 мектептің оқушылары екі мәрте біреудің мүлкіне қол салған.

Мұның барлығы мектеп қабырғасында болса, шымкенттік колледждерде де осындай келеңсіз оқиғалар тіркеліп жатыр. Естеріңізде болса, былтыр колледж студенті жатақханада өз-өзіне қол жұмсап, қоғамда үлкен пікірталас тудырған. Өзін-өзін өлтіруге не итермелегені әлі күнге дейін анықталған жоқ.

Жалпы, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың басым бөлігі ұрлық екені байқалады. Шымкент қаласындағы аграрлық колледждің оқушылары С.К. және С.Қ. екеуі былтырғы желтоқсан, яғни бір айдың өзінде жеті рет тонау қылмысын жасаған. Дәл сол сияқты №3 колледждің 2-курс оқушысы қаңтар айында тұрғындардың мүлкіне екі мәрте шабуыл жасаған. Ұрлыққа үйір жастардың арасында политехникалық колледждің, жол-көлік колледжінің және «Болашақ» колледжінің оқушылары бірігіп топ болып, ұйымдасып қылмысқа барған.

Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл Жаннетта Жазықбайқызы бұл қылмыстар білім беру ұйымдары мен аудандық полиция басқармалары арасындағы қызметтік қарым-қатынас пен ақпар алмасудың жоқтығынан болғанын айтады. Балалар құқықтары жөніндегі уәкіл осынау қылмыстың 65 пайызын оқымайтын және жұмыс істемейтін жасөспірімдер жасағанын ескере отырып, мектеп бітіргеннен кейін бос жүрген жасөспірімдерді жұмыспен қамту шараларын жандандыру қажеттігін айтады. Бұған оқымайтын және жұмыс істемейтін жасөспірімдердің қылмысқа қатысуы 15 пайызға өскені дәлел бола алады.

Басқосуда Шымкент қаласы Полиция департаменті тарапынан құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша шаралар қолға алынып, осы бағытта арнайы рейдтер ұйымдастырылып тұратыны, балалардың ата-аналарына да департамент мамандары тұрақты түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отыратыны айтылды. Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде, құқықбұзушылыққа бейім 245 жасөспірім және бала тәрбиесіне немқұрайды қарайтын 146 қолайсыз отбасы ішкі істер органының есебіне қойылған. Ал 4 жасөспірім сот шешімімен Тараз қаласындағы арнаулы мектепке жіберілген.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандар тәрбиесіне байланысты 3 749 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Өкінішке қарай, 28 жасөспірім қоғамдық орында мас халде ұсталып, оларға ӘҚБтК-нің 440-бабы қолданылған. Әкімшілік шара қолданылған жасөспірімдердің көбі – түнгі уақытта заңды өкілінсіз ойын-сауық орындарында, көшеде жүріп ұсталғандар. Полицейлер кәмелетке толмаған жастарға жүргізілген алдын алу шараларына қарамастан, жыл басынан бергі 6 айда Шымкент қаласында кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған қылмыстар 26 пайызға, яғни 57-ден 72-ге өскенін айтып, дабыл қағуда.

Кәмелетке толмағандарға қатысты болған зорлау фактілері 4-тен 2-ге төмендегенімен, сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық әрекеттері екі есе, яғни 3-тен 6-ға көбейген. Ал 16 жасқа толмаған жасөспіріммен жыныстық қатынас немесе сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттер жасау деректері 14 пайызға артқан. Зорлау сипатындағы қылмыстар әл-Фараби ауданында 1-ден 9-ға өсіп отыр.

Кәмелетке толмағандарға қатысты болған зорлау сипатындағы 16 қылмысқа тоқталатын болсақ, бұл жерде 14 адам 14 жасөспірімге қатысты қылмыс жасаған. Сорақысы да, өкініштісі де, 12 қылмысты балалардың өз таныстары жасаса, 1-уіне өгей әкесі, тағы 1-еуіне өзінің туған әкесі озбырлық танытқан.

Елімізде, оның өзінде де қазақы қаймағы бұзылмаған оңтүстікте осындай жаға ұсататар жайттың жиі қылаң беріп жүргені өзекті өртейді. Шымкент қаласы әкімінің бірінші орынбасары Қуаныш Асыловтың төрағалығымен өткен жиында осыған орай, тәрбиенің ұйытқысы ата-ана мен мектеп екенін ескере отырып, білім беру ұйымдарында психолог, социолог және сынып жетекшілердің жұмысын жандандыру қажет екені ескерілді. Енді жаңа оқу жылы бастала салысымен бірлескен жұмыстар қатаң бақылауға алынбақ.

Жаннетта Жазықбайқызы өңірде жасөспірімдер арасындағы қылмыстық жағдайды азайтудың жолы ата-аналардың балаларға дұрыс бағытта тәрбие беруі екенін айтады. Уәкіл жасөспірімдердің қылмысқа баруы әртүрлі себептерден туындайтынын, бірі абайсызда, бірі қасақана, біреулері пайда табу мақсатында жасағанын тілге тиек етті.

Шыны керек, жасөспірімдер қылмысы жыл сайын өзектілігін жойған емес. Соған қарамастан қылмыстың алдын алу шаралары бір сарында. Бүгінде жастардың ой-өрісі күн сайын дамып жатыр. Сондықтан бұзықтыққа бейім жастардың қылмысқа бармауы үшін алдын алу шараларының да формасын өзгерту керек сияқты.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

КИНО – КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты құрылтайдың екінші отырысында креативті индустрияны жаңа деңгейге көтеру керектігіне тоқталды. «Қазір медиа саласы, кино және сериал, мультфильм, спорт және музыка шоулары, компьютер ойындары мен кітаптар – бәрі бірігіп, біртұтас жүйеге айналды. Бұл жүйе озық құндылықтар мен қасиеттерді қалыптастыруға ықпал етеді. Біздің бұл саладағы әлеуетіміз орасан зор. Оны толыққанды жүзеге асыру үшін нақты шаралар қабылдау қажет», – деді Президент.

Қуаныш САПАРБАЕВ *(коллаж)*

«Ел боламыз десек, экранды түзеу» керектігін қаперге салған Мемлекет басшысы бүгінде кино саласында даудамай көбейіп кеткенін айтып, бірнеше түйткілді мәселенің басын ашты. Президенттің айтуынша, қоғамның санасезіміне ерекше ықпал ететін бірден-бір сала – кино өндірісін елімізде жақсы дамыған деп айту қиын. Оған бірнеше себеп бар. Отандық киноны дамыту үшін жаңа көзқарас, жаңа серпін қажет екенін айтып, бұл үшін кинотеатрларға келушілердің санын анықтайтын цифрлық жүйені құру орынды екенін атап өтті. Сондай-ақ Президент киноиндустрияны экономиканың жеке секторы ретінде қарастыра отырып, салада жинақталған проблемаларды кешенді және дәйекті түрде шешу қажеттілігіне тоқталды.

ШОУ-БИЗНЕСТІҢ ЫҚПАЛЫ ЗОР БОЛДЫ

Кинотанушы Гүлнар Әбекееваның зерттеуінше, жалпы қазақстандық кинематография мәдени индустрия ретінде 2005 жылы кинопрокат жанданған уақыттан бері қалыптаса бастады. Осы кезеңде фильмдерді фестиваль үшін ғана емес, ең алдымен көрерменге арнап түсіру үрдісі жақсы байқалды, мәселен, «Рэкетир» (2007), «Коктейль для звезды», «Сказ о розовом зайце» (2010) және тағы басқа. Осы орайда бір фильмнен түскен табысын келесі жобаға құйып, жаңа туынды жасау арқылы қомақты ақша табуды көздеген продюсерлер пайда болған уақытта кино нағыз бизнеске айнала бастады. Атап айтқанда, Баян Алагөзова, Нұрлан Қоянбаев, Асқар Ұзақбаев, Асқар Бисембин және басқа да соңғы онжылдықта шоу-бизнестен кино саласына келгендер еліміздің креативті экономикасының маңызды санаты – кинобизнесті қалыптастыруға көп ықпал етті. Мәселен, 2000 жылдары отандық киноның прокаттағы үлесі небары 1-3% болса, пандемия басталғанға дейінгі 2019 жылы қазақстандық фильмдердің бокс-офисі барлық картинадан түскен табыстың 30 пайызына теңесті. Бұл көп жағдайды өзгертті: біздің киноның прокаттағы орнына әсер етіп, кинопрокат желілерін отандық киноөндіріспен достасуға итермеледі. Мұндай жағдай Оңтүстік Кореяда сонау тоқсаныншы жылдары, яки 2000 жылдың басында болды.

«Киноиндустрия – ел дамуының айнасы. Коммерциялық киноның дамуына бұл саланың цифрлануы, яғни арзандауы ықпал етті. Соңғы 15 жылдағы жеке бизнес ретінде қалыптасқан кинопрокат жүйесінің дамуы, сондай-ақ табысты шоу-бизнес және телевизия өкілдерінің аталмыш салаға ағылуы да үлкен рөл атқарды. Бүгінгі таңда кино саласы еліміздегі креативті индустрияның көшбасшысы саналады, әйтсе де, бұл – тек соңғы онжылдықтың жетістігі. Біздің көрерменді өз киномызды көруге «көндірген» квншілер мен әзіл-сықақшылардың еңбегі зор. Бүгінде кинопрокаттың негізгі үлесі американдық фильмдерге тиесілі, сәйкесінше, табыстың 70-80 пайызы шетелдің қоржынына түседі. Қазақстандық фильмдер көбірек әрі сапалы түсірілген сайын, прокаттан алатынымыз да еселене бермек. Шын мәнінде, киноиндустрия дамудың алғашқы сатысында тұрғанына қарамастан, ел экономикасының маңызды құрамдас бөлігіне айналып үлгерді», – дейді Гүлнар Ойратқызы.

Киногердің пікірінше, қазақстандық кинематографияны креативті индустрия деп санайтындар аз, өйткені бізде Президент айтқандай, кинофильмдердің кассалық жинағы бойынша ресми статистика жоқ, фильмді нақты қанша адам көргенін анықтай алмаймыз. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосыбаевтың айтуынша, кинотеатрға келушілердің санын анықтайтын ЕАИС цифрлық жүйесі жасалып жатыр. Нарық қатысушысы, кинотеатрлар мен дистрибьюторлардың көптеген талабын реттеу қажеттігінен бұл жұмыс ұзаққа созылып кетті. Әйтсе де, біршама сынақтан өтіп, жылдың соңына дейін іске қосылады деп жоспарлануда. Өнеркәсіп статистикасыз өмір сүре алмайды, сондықтан мұндай жүйе өте қажет.

МЕМЛЕКЕТПЕН БІРГЕ ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕРЕК

Киноиндустрияны мәдениеттің бір бөлігі ғана емес, экономиканың жеке тармағы ретінде қарастырып, мәселелерді нақты шешуді тапсырған Мемлекет басшысы әсіресе, киногерлер мен кинотеатрлардың арасындағы қарым-қатынаста екі жақтың мүддесін тендей ескеру қажеттігін баса айтты. Сонда жаңа кейіпкер, тарихи қаһарман, маңызды оқиғалар жайлы фильмдерді тек «Қазақфильм» емес, жеке компаниялар да түсіреді. Есетжан Қосыбаевтың айтуынша, бұл екі тарап нарық заңына бағынады. Сол себепті мемлекеттік қаржыландырумен кино шығарған компаниялар мен кинотеатр иелері арасында диалог құру қиындап тұр, әрқайсының өз талабы бар. Дейтұрғанмен, «өгізді де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын» тиімді жол табылуы тиіс. Бұл жағдайда отандық өнімнің жоғары сапалы болуы өте маңызды, оның ішінде көрерменнің сұранысын, сыртқы нарыққа шығу мүмкіндігін ескерген жөн.

«Жеке киностудиялар, кинотеатрлар мемлекетпен бірге жұмыс істеуі керек. Бүгінде киноиндустриядағы негізгі инвестор – мемлекет, бірақ киноға инвестиция салатын жеке инвесторлар да жеткілікті. Мысалы, 2022 жылы жеке өндірісте 48 картина шықты. Жекеменшік иелері кино өндірісіне орта есеппен 2 млрд теңгеден астам қаржы салған. Осылайша, жеке инвестициялар мен кинематографистерге бөлінген бюджет қаражатының көлемі қазірдің өзінде салыстырмалы түрде теңесуге жақындады. Қоғамда «кино саласына жеке инвестор мүмкіндігінше көп ақша табу үшін барады және негізінен арзан және жеңіл жанрдағы фильмдерді түсіреді» деген пікір қалыптасқан. Бұл – қате. Мысалы Айсұлтан Сейітовтің ашаршылық тақырыбын қозғаған «Қаш» тарихи фильмін мемлекеттің қаржыландырусынсыз түсірілді, күрделі және техникалық жағынан мінсіз фильм, былтыр прокатта қомақты касса жинамаса да, қазірдің өзінде халықаралық кинофестивальдерде қоржынын жүлдеге толтырып жүр.

Мемлекет басшысы киноиндустрия мәдениеттің бір бөлігі ғана емес, экономикамыздың жеке сегменті болуы тиіс екенін айтты. Осы тезис барлығына арқау болуы тиіс. Мысалы, халықтың жартысына жуығы киноға бара алмайды, өйткені ауылдық жерде, аудан орталықтары мен шағын қалаларда кинотеатр жоқ. Кинотеатр – кинокомпаниялар үшін салаға салған инвестициясын қайтару құралы болса, мемлекет үшін мәдени саясат тұрғысынан кинокөрерменге әсер ету индикаторы», – дейді Есетжан Мұратұлы.

Бүгінде елімізде 404 кинозал бар. Халықтың 52 пайыздан астамы заманауи цифрлық кинотеатрдың көрермені бола алмайды, ал 100 мың тұрғынға шаққандағы зал санының көрсеткіші бойынша киноиндустрияны дамытудың барлық негізгі көрсеткішіне әсер ететін өте қолайсыз жағдайдамыз. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы отандық кинопрокатты неғұрлым жоғары сандық және сапалы деңгейге шығару мақсатында «Аймақ Cinema» жобасын ұсынған. Жоба аясында кинозалдар саны – 135, орындар саны 17 мың бірлікті құрайтын 72 кино білім беру орталығын, сондай-ақ еліміздің шалғай елдімекендерінде кино көрсету үшін әр облыста жылжымалы кинотеатр ашу жоспарланған.

ОТАНДЫҚ АНИМАЦИЯ СУБСИДИЯҒА ТӘУЕЛДІ

Мемлекет басшысы кезінде шыққан «Қыз Жібек», «Отырардың күйреуі», «Атаманның ақыры» сияқты классикалық фильмдер түсірілуі керектігін айтты: «Сол кезде шығармашылық еркіндік, мол қаражат және компьютерлік графика да болған жоқ. Дегенмен фильмдер түсірілді, әлі күнге дейін халықтың жүрегінен ойып тұрып орын алады». Бұл орайда Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының басқарма төрағасы Есетжан Қосыбаев киноқоғамдастыққа қатысушылардың психологиясын өзгертуді алға тартады.

«2021 жылдың қаңтар айында «Егемен Қазақстан» газетінде Президент мәдени саясат саласындағы негізгі идеологиялық міндеттерді нақты баяндаған болатын. Бұл дегеніміз – халықаралық кеңістікте ұлы бабалар дәуірінен бастап қазіргі күнге дейінгі қазақ халқының терең, драмалық оқиғаларына толы тарихын көрсете алатын тарихи контексте жарқын, ауқымды, мазмұнды картиналар жасау. Ол үшін Президент Үкіметке және мүдделі органдарға нақты іс-қимыл жоспарын дайындауды тапсырған болатын. Алайда соңғы жылдары мемлекет есебінен түсірілген барлық үлкен бюджеттік тарихи картина қажетті жетістікке жете алмады. Бұған жол бермеу үшін болашақта мұндай жобаны іске асырудың тиімді формасын, өндірістің барлық циклын пысықтайтын жүйе керек: драматургияны құрудан бастап, инновациялық идеяларды ескере отырып, режиссерлік шешім, әлемдік өндіріс студияларымен сындарлы интеграцияға дейінгі тұтас мәселені ортақ жүйеде қарастыру шарт. Сонымен қатар киноқоғамдастыққа қатысушылардың психологиялық принципін өзгерту керек. Қайырымдылық пен альтруизм кезеңі аяқталатынын түсінетін уақыт жетті. Қазақстан экономикасы – бүкіл әлемдік экономика сияқты елеулі қиындықтарға тап болуы мүмкін, өйткені біз жаһандық процестерге қосылдық. Мемлекет бөлетін ақша – «алтын акция». Сондықтан бүгін кинематография саласындағы мемлекеттік ақшаның қайда кететініне алаңдайтын салық төлеушілердің сұранысын объективті және ашық түрде қанағаттандыру үшін барынша жұмылуымыз керек, – дейді Есетжан Мұратұлы.

Сарапшының айтуынша, тарихи картиналардың сапасын арттыру үшін оларды, айталық, үш жылда бір рет түсірген абзал. Мұндай ауқымды жобаны қаржыландыру мәселесін жоғары деңгейдегі арнайы комиссия шешуі керек. Жақсы прокаттың прецедентін жасайтын фильмдерге назар аудару және дебюттік жобаларды «А» класстағы фестивальдерге және отандық кинематографияны шетелде ілгерілетуге бағытталған авторлық киноны қаржыландыруға көңіл бөлінуі тиіс.

«Тұтынушылық психология туыратын жүз пайыз мемлекет қаржыландыруынан аулақ болуымыз керек, бұл сайып келгенде, осы салада тоқырауға әкеп соғады. Керісінше, түстіктегі көршіміз сияқты жеке студиялар мен мемлекет бірлесіп, өз ақшасын ортақ жобаға салатын және тәуекелді тең бөлісетін тәжірибені өрлеткен жөн. Бүгінде Өзбекстанда барлық процесті реттейтін арнайы «Кинематография агенттігі» бар. Ол киноиндустрияның дамуында тиімді және сапалы қадам жасауға мүмкіндік берді», – дейді орталық жетекшісі.

Тағы бір маңызды мәселе – анимация. Әлемде анимациялық фильмдер орасан зор пайда әкеледі, ал бізде бұл процесс әлі де субсидияға тәуелді, яғни мемлекеттік тапсырыс – қазақстандық анимацияның өмір сүруіне мүмкіндік беретін жалғыз құрал.

Есетжан Қосыбаевтың пікірінше, балаларға арналған киноның қаншалықты маңызды екенін түсінеміз, сондықтан анимациялық жобалар бөлек блокқа түсуі керек, ол бойынша өз бюджеті құрылып, жеке конкурс өткізілуі керек, анимацияны дамыту стратегиясын анықтайтын мамандар үздік жобаларды таңдауы тиіс.

Анимация жасаушылардың айтуынша, креативті индустрия көгілдір экранмен ғана шектелмейді. «Қазақ анимациясы» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі Жәнібек Оразалы бұл саланы дамыту үшін еліміздің брендіне айналатын көпсериялы анимациялық жобалар жасау керегін алға тартады.

«Қобыланды батыр, Ер Төстік сияқты кез келген аңыздың желісінде 100, тіпті 500 серияға дейін жететін жобалар шығарсақ дейміз. Мұндай анимациялық фильмдер трендке айналғаннан кейін, оның аясында балалардың оқу құралдарын, кітап, ойыншық, компьютерлік ойындар жасауға болады. Креативті индустрия көгілдір экранмен ғана шектелмейді. Ұлттық идеологияны дамытып, жастарды дұрыс жолға бағыттайтын шығармашылық саланың барлығы қамтылады», – дейді маман.

Бұл орайда киногерлер сапалы сценарийлердің тапшылығын алға тартады. Отандық анимация нарығы қысқаметражды жобалар жасауда ғана жетістігі бар, толықметрлі, яки көпсериялы картина даярлауға әлі де қолдау керек.

«КИНЕМАТОГРАФИЯ ТУРАЛЫ» ЗАҢ ШИКІ

Киногерлердің пікірінше, қолданыстағы «Кинематография туралы» заң қазіргі күйінде бүгінгінің талабына толық сәйкес келмейді. Бұл құжатты жетілдіру қажеттігі себепті көптеген қосалқы мәселе туындап отыр. Есетжан Мұратұлының айтуынша, мемлекет пен киноқауымдастық арасындағы сындарлы диалогты дамыту қажет.

«Осыдан он шақты жыл бұрынғы кино саласын алсақ, Кинематографистер одағы мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің кино саласында үлкен әсері болғанын көреміз. Өкінішке қарай, қазір олай емес – кинематографистердің ортақ қызығушылығы жоқ, бүгінде бір-бірінен алшақтап кеткен. Менің ойымша, мәдениет саласындағы жинақталған мәселелерді шешуде мемлекет үшін бұл жағдай жақсы ресурс. Сол себепті саланы басқара отырып, диалог құру керек. Заң кинематография, квазимемлекеттік сектор және мемлекеттік органдар субъектілері арасындағы қалыптасқан азаматтық-құқықтық қатынастарға жауап беріп, оны реттеуі тиіс. Мемлекеттік қаржыландыруды алатындардың ғана емес, барлық киноөндірушілердің құқықтары мен міндеттерін анықтау және ажырату аса маңызды. Бұл заң өзгеріп, отандық киноның әлеуетін ашып, шетелдік киноөндірушілерге аумақтық табиғи ландшафттардың бірегейлігін көрсетуі тиіс. Сонда мультипликативті әсер тудыратын және отандық экономиканың бір бөлігі ретінде өзін толық көрсететін мәселелер кешені пайда болады. Кино саласына инвестициялар тарту, ұлттық киноны шетелде ілгерілету («А» класты фестивальдер, көрсетілім, стримингтер), кино өндірісінің әлемдік тәжірибесін және жаңа технологияларды оқыту, зерделеу үшін ұлттық кинокомиссияның рөлі, оның функционалдығын кеңейту және реттеу бөлігінде сындарлы тәсілдерді табу керек. Ұлттық кинокомиссияның әлеуеті мен мүмкіндігі ашылмаған және ол қызметінің пәрменді тетіктерін қалыптастыру сатысында тұр. Бүгінде мемлекеттік органдар мен кинематографиялық қоғамдастық арасын үйлестіру мәселесі өткір тұр. Заң шығарудың тиімді нәтижесіне қол жеткізу үшін жаңа заңды киноөндірушілер мен мемлекеттік органдардың талаптарына барынша сай ету шарт. Заңды тек жетілдіру арқылы күшейте аламыз. Оның ішінде, мемлекеттік қолдау қағидаттарына, оның ережелері мен талаптарына қатысты, оны реттейтін біршама толықтырулар мен өзгерістер енгізу қажет. Барлығы қарапайым, түсінікті және айқын болуы керек», – дейді Ұлттық киноны қолдау орталығының басшысы.

Асыл ТҰМАР

АҚТОҒАЙДАҒЫ ДАУ:
БЛОГЕРДІҢ КӨЗДЕГЕНІ НЕ?

Қарағанды облысына қарасты Ақтоғай ауданы екіге бөлінді. Территориясы емес, халқы. Жаңа келген әкімге «кет» деген блогер қол жинап, петиция жариялап, елдегі бір сайтқа жария қылды. Сол жазба әлеуметтік желіде қызу талқыға түсуде.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

АЯҚТАН ШАЛУ БАСТАЛДЫ МА?

Алдымен сол үндеуге көз салайық.

«Руслан Кенжебековтің Ақтоғай ауданына әкім болып тағайындалуымен тұрғындардың мәселесі көбейді!

Жарты жолда қалдырылған мәңгілік бітпейтін құрылыс нысандары, облыс әкімі мен облыс депутаттары биыл бастауға уәде еткен Ақтоғай ауданы Шашубай ауылындағы қазандық мәселесі шешімін таппай жатыр.

Оның үстіне аудан тұрғындары 25 жылдан астам уақыт жолсыз, интернетсіз, ыстық сусыз, сапалы медициналық қызметсіз өмір сүруден шаршаған. Ақтоғай ауылына ауыл-селодан келгендердің біраз құжаттарын рәсімдеу үшін баруы ғана емес, азық-түлік пен көкөністің, жем-шөп пен құрылыс материалдарының бағасы бақыланбайды, балалар спорты дамымай жатыр. Жақында бұл адамдар тұрғындар қалыпты инфрақұрылымды ала алмай жатқанда, осы ауданда ыңғайлы жүру үшін өздеріне жаңа көліктер сатып алды!

Ауданда тіпті ірі супермаркеттер желілері жоқ, дәріхана мәселесі өткір! Халық облыс әкімдері мен Ақтоғай өңірі депутаттарының уәдесін тыңдаудан шаршады!

Осы өтінішке қол қойған азаматтардың атынан Қазақстан Республикасының Президентінен Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебековті, Ақтоғай ауданы әкімінің орынбасарлары Абылай Базыұлын, Әмралин Серік пен Саян Мұратұлын қызметінен босатуды сұраймыз», – деген жазба авторы Құралай Айтжанова екен.

Шынымен бұл әкім не бүлдіріп қойды екен деген ой маза бермеді. Сөйтсек, бұл қызметке Руслан Айтыкенұлы осы жылдың қаңтар айында ғана келген болып шықты. Өзі – Ақтоғай ауданы Қызыларай ауылының тумасы. 2002 жылдан бастап мемлекеттік қызметте. Әр жылдары Абай ауданы әкімі аппаратының ішкі саясат бөлімінің спорт бойынша бас маманы, Қарағанды облысы Әділет департаментінің ұйымдастыру-бақылау және кадр жұмысы бөлімінің бастығы, Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі комитеті Ішкі әкімшілендіру басқармасының бас сарапшысы, Теміртау қаласы Әділет басқармасы бастығының орынбасары, Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестік пен құқық қорғау департаментінің басшысы қызметтерін атқарды. Ұлттық экономика министрлігінің Алматы облысы бойынша тұтынушыларды, Бәсекелестікті қорғау Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша монополияға қарсы инспекциясының басшысы, Ұлттық экономика министрлігінің Адами ресурстармен жұмыс департаментінің директоры, Премьер-министр кеңсесінде бас кеңесші болған, Ақмола облысы әкімінің кеңесшісі, өткен жылдың тамыз айынан бастап қаңтарға дейін Президент Әкімшілігінің Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімінің кеңесшісі болды. Яғни мемлекеттік қызметте жүргеніне бірінші жыл емес.

«ЖАПТЫМ ЖАЛА, ЖАҚТЫМ КҮЙЕ» ДЕРМІСІЗ?!

«Біреулер жаңа келген жас әкімнің үстінен арыз жазып жатыр деп естідік. Кім жазған? Аты-жөні тұр, бірақ, өзі бұл өңірде жоқ көрінеді… Домалақ арыз жазудың осындай да бір «жаңа формасы» шығыпты. Тез арада тауып алып, жауапқа тартпаса, бұл кесел ел ішін өртше шарпып, шарлап кетуі мүмкін», – дейді ақын Серік Ақсұңқарұлы.

Әрине, кентте мәселе бар шығар. Соны шешудің жолы осы ма? Әлде, жас маманды тұқырту ма? Ақтоғай ауданының тұрғыны Мүсіркеп Сейдахмет осылай деп күйінеді.

«Асатпай жатып құлдық дейтін адамдарға таңғалам. Ақтоғай ауданына қарасты Шашубай кентінің қайсыбір тұрғындары, күні кеше ғана қызметке келген аудан әкіміне қарсы петиция жариялапты. Ау, ағатайлар-ау, келгеніне жыл толмаған әкім сіздерге несімен жақпай қалды. Әлде бұл жаңа келген Руслан Кенжебековке қарсы ұйымдастырылып отырған арандатушылық па? Шашубай кентінің проблемасын бір жылда шешіп берсе, бұған дейін алды төрт бес, арты он жыл отырған әкімдер қайда болды? Неге сол кезде осы топ петиция жазып, бас көтермеген?! Жоқ болмаса бұл, Руслан Кенжебековті жас деп басынғандық па? Әлде Шашубай кентінің шөміштен қағылған кезі бар ма? Жоқ жерден жік шығарып, еліме, жеріме қызмет етем деп құлшынып тұрған жігерлі жастың етегінен тартып, аяғынан шалатындай не көрінді?! Бүлікшіл топ бүйректен сирақ шығармай азаматқа қызмет жасауға мұрсат беріңдер», – дейді Мүсіркеп Сейдахмет.

БҰЛ БІРІНШІ РЕТ ЕМЕС…

Бұл жағдай алғашқысы емес екен. Бір жыл бұрын да осылай дау басталып, аяқсыз қалған сияқты. Facebook-те арнайы парақша ашқан Шашубай кентіндегі Қоғамдық кеңес мүшелерінің 2022 жылғы 2 шілдедегі жазбасы көзге түсті.

«Бүгінгі күні әлеуметтік желілерде кентіміздің атын немесе кент тұрғындарын пайдаланып, аттарын шығара алмай жүрген блогерсымақтардың ермегіне айналып, қонысымыздың берекесін алған фейк парақшалардағы жалған ақпараттар мен дәлелсіз жала жабу жағдайларының ушығып кеткені мазалап жүргені жасырын емес.

Расында, осыдан бұрын 1-2 жыл көлемінде Шашубай кенті бойынша қордаланып қалған әлеуметтік жағдай, кент тұрғындары тарапынан республика, облыс, аудан көлемінде көтерілген еді. Осы орайда қонысқа Қарағанды облысының сол уақыттағы әкімі Жеңіс Қасымбек бірнеше мәрте ат басын бұрып, халықтың үніне құлақ аса келе, мемлекеттік қазынадан бұрын-соңды Шашубай кентіне бөлінбей келген қаражат қарастырылып, ауқымды жобалар қолға алынып, кезек-кезегімен атқарылып жатқан жайы бар еді», – дей келе, олар блогерлердің сын садағына қалдық дейді.

«Саны бар, сапасы жоқ жалған ақпараттарға толы посттарды оқып отыруға тіпті алтын уақытымызды қимадық. Десек те, қоныстың мұң-мұқтажын жазып отырмын деп сайраған блогер Құралай Айтжанова деп тіркелген аккаунт болып шықты. Дүркіреген аккауынтына өз фотосуретін қоюға жүрексінген жан Қаскелең қаласында тұрады деп көрсетілген», – деп тарқатады.

Бір қызығы, бір жыл бұрынғы жазбада да «әкім кетсін» деген сөз айтылады.

Әрине, «жас келсе – іске» дейді қазақ. Аяқтан шалғанша, бар мәселені қалай шешуге болады деп, құлшына жұмыс істегісі келген адамға демеу болу керек емес пе?! Әзірге, аудан халқы екіге бөлініп тұр…

Қарағанды облысы

ШЕШІЛМЕГЕН МӘСЕЛЕ
ШАШ ЕТЕКТЕН

Бүгінде Тараз тұрғындарының саны артып, көне шаһар көлемі кеңейіп келеді. Тіпті, облыс орталығынан екі аудан құру бастамасы да көтеріліп, қазір тиісті құжаттары рәсімделуде. Әрине, бұл жаңға жылу беретін жаңалық. Алайда бұған дейін қала аумағына қосылған алқаптардың қазіргі жағдайын көріп, терең ойға қаласың. «Барды ұқсата алмай жатқанда, тағы екі аудан ашу қажет пе?» деген де мәселе қылаң береді. Бұлай деуімізге Шөлдала алқабы тұрғындарының жанайқайы себеп болуда.

Шөлдалалықтардың айтуынша, алқап қала аумағына кірді деген аты болмаса, заты мүлде сай келмейді екен.

– Алқаптағы көше жолдарындағы шұңқырлардан аяқ алып жүре алмайсың. Жолдар жөнделеді дегенімен, әлі күнге шешімін таппауда. Нәтижесінде алқапқа қоғамдық көлік те, жеке таксистер де қатынауға қиналады. Ауылға ауызсу құбыры тартыла бастағанымен, мердігерлердің жұмысы көңіл көншітпейді. Тағы бір мәселе, Шөлдалада жарық жиі өшеді. Жел тұрып, жаңбыр жаумаса да, ай күннің аманында жарықсыз отырамыз. Тіпті, тәулік бойы жарық болмайтын кездер көп. Жарық болмағаннан кейін тоңазытқыштағы азық-түлік бұзылып, шығынға батып жатырмыз. Алқап қала аумағына кіріп тұрса да, біз байланыс аясынан тыс жерде жатырмыз. Олай дейтінім, интернет ұстамай, бір-бірімізге қоңырау шала алмаймыз, – дейді алқап тұрғыны Хадиша Құлпыбаева.

Жалпы шөлдалалықтардың базынасы осы. Бұдан бөлек, тұрғындар көшелер мүлде жарықтанбағанын айтады. Соның салдарынан қыс айларында оқушылардың мектептен үйге қайтуы мұң болса, қараңғы болғаннан кейін адамды көлік қағып кету деректері де жиі болып тұрады екен. Ал жолдың ойшұңқыры жаңбыр жауса лайға айналып, балалар оқу орнына аяқтарына целлофан орап баруға мәжбүр болуда.

Шөлдалалықтардың жағдайына жуырда өңірге іссапармен келген Парламент Мәжілісінің депутаты Мұқаш Ескендіров көңіл аударып, тұрғындармен арнайы кездесті. Халықтың мұңын тыңдаған мәжілісмен телефон байланысының тартпайтындығына таңданыспен қарап, өзі де сол жерде тұрып танысына қоңырау шалып көрді. Алайда байланыса алмаған Мұқаш Зұлқарнайұлы бас шайқап, шөлдалалықтардың мәселесін биік мінберде көтеруге уәде етті.

Негізі шөлдалалықтардың шырылдап жүргені бірінші жыл емес. Жергілікті билік өкілдері де алқап тұрғындарының жағдайынан хабардар. Сондықтан қала әкімі Бақытжан Орынбеков талай жылдан бері шешімін таппай келе жатқан шөлдалалықтардың мәселесі жуық арада шешілетіндігіне сендіруде.

– Жол жөндеу мәселесі созылып кеткенін жасырмаймыз. Қала көшелерін жөндеуден үнемделген 30 миллион теңгені Шөлдала мен Құмшағал алқаптарының жолын жөндеуге бағыттап отырмыз. Жол құрылысын жүргізуге мемлекеттік конкурс жарияланып, тендірді астаналық компания жеңіп алған болатын. Алайда олар құрылыстан бас тартып, конкурсты қайта өткізіп, жергілікті серіктестік ұтып алды. Жақын күндері мердігер жұмысын бастайды. Жол құрылысы, міне, осы мемлекеттік конкурстың созылып кетуіне байланысты кешікті. Келесі жылы Шөлдаланың ішкі көшелеріне шағал тас төселеді. Қазір алқапқа ауызсу тартылып, барлық көшелер қазылып жатқандықтан әзірге асфальт жабынды жүргізе алмаймыз. Су құбырлары тартылып болғаннан кейін, жолға тас жабынды төселеді. Бұл – жолды жөндеп, оны қайта қазып екі рет әуре болмас үшін қабылданып отырған шешім. Ауыз суға келер болсақ, «Мелиоратор» компаниясымен жіті түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Дәл қазір межелі мерзімнен кешігіп келе жатқан жоқпыз. Бұйырса, жыл соңына дейін шөлдалалықтар орталықтандырылған тіршілік нәріне қол жеткізетін болады, – дейді шаһар басшысы.

Бақытжан Әмірбекұлы Шөлдала алқабының жарық мәселесі де жақын арада шешімін табатындығын айтады. Қала әкімінің сөзіне сүйенсек, қазір алқаптағы тұрғын үйлерге жаңа электр желілері тартылып жатыр екен. Бұл жұмыстар екі айдай уақытты қамтымақ. Содан кейін Шөлдалада «жарық сөніп қалды» деген мәселе мүлде туындамайтын көрінеді.

Байланыс желісіне келсек, қала әкімдігі қазір Beeline компаниясымен келіссөздер жүргізіп жатыр екен. Ал жалпы биыл Тараз қаласы бойынша алты байланыс мұнарасын қою жоспарлануда. Соның бірі Шөлдала алқабына орнатылып, тұрғындар ұялы телефонмен еркін тілдеседі деп күтілуде.

Міне, осылайша, қала әкімі Бақытжан Орынбеков бұқараның базынасы ескерусіз қалмайтындығын айтып қуантуда. Әрине, бұл жаңға жылу береді. Алайда Шөлдаладағы жол құрылысының тендерін ұтып алған астаналық компанияны жергілікті билік өкілдері бір ай бойы таппай, әбігерге түскен болатын. Қала әкімі жоғарыда астаналық компания құрылыстан өз еркімен бас тартты деп отыр. Алайда мұнда да бір шикіліктің бар екені анық. Әйтеуір, инфрақұрылым мен байланыс желісін жүргізуді жауапкершілігіне алған ендігі мердігерлер сөзінен тайқып кетпей, жоспарлы жұмысты аяғына дейін апарады деп сенейік.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Абай облысының әкімі Нұрлан Ұранхаев Бородулиха ауданының мәдениет үйінде тұрғындармен кездесіп, халық алдында атқарылған жұмыстар, алдағы жоспарлар туралы баяндады.

АЙМАҚТЫҢ АДЫМЫ ҚАРЫШТЫ

– Осы аралықта біз барлық ұйымдастыру іс-шараларын шешіп, қысқа, орта, ұзақмерзімді бағдарламаларды орындау үшін құжаттар әзірледік. Облысты дамытудың кешенді бағдарламасы қабылданды. Алайда осы бағдарламаға кірмей қалған жоспарлар еліміздің Премьер-министрі облысқа келгенде қолдау тапты, – деді Н. Ұранхаев.

Бірінші жартыжылдықта облысқа 230 миллиард теңге инвестиция тартылған. Оның ішінде Бородулиха ауданына 15 миллиард теңге тиесілі. Сонымен қатар облыс әкімі ауылшаруашылық өнеркәсібі туралы да тілге тиек етті. Биыл алғашқы алты айда ауылшаруашылық саласының ішкі өнімі 22 пайызға өскен. Сонымен қатар ірі қара саны артқан.

Аймақ басшысы дамудың негізгі бағыттары – экологиялық және жағажай туризмін Шүлбі су қоймасында, Үбі, Михайловские және Жерновка көлдерінде дамытудың әлеуеті жоғары екендігін атап өтті.

Сондай-ақ облыс әкімі су жүйелерін жаңғырту жұмыстарына да тоқталды.

– 2026 жылы облыс бойынша 96 су құбырының құрылысы және жаңғырту жұмыстары жоспарланып отыр, оның 66-сы – ауылдық елді мекендерде, – деді өңір басшысы.

Ауыл тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету үшін көпқабатты үйлер салынуда. Осы жылдың алғашқы жартыжылдығында 130 мың шаршы метр баспана, оның ішінде 1 084 шаршы метр баспана Бородулиха ауданында салынған.

Әкімнің айтуынша, жұмыссыздық мәселесі де жоспарлы түрде шешіледі. Бірінші жартыжылдықта өңірдегі жұмыссыздық деңгейі 4,8 пайыз болған. Биыл аймақта 24 926 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр.

Есептік кездесуден кейін облыс әкімі тұрғындарды жеке сұрақтары бойынша қабылдап, тиісті мекемелерге нақты тапсырма берді.

А.ҚАЗАҚ

Ұлағат ХАНЗАДА, этнограф:

Қазақ ұғымында сал-сері дегенде көз алдымызға ат ерттеп, тазы ертіп, қолына қыран құсты қондырып, саятшылық құратын, өнерімен де халықты тамсантқан жанды келтіреміз. Сондай бір жанның бүгінгі бейнесі деп Ұлағат Ханзаданы атасақ жарасады. Ол – ақындық, журналистік қырларынан бөлек, ат ерттеп, тазы ерткен саятшының өзі. Ежелгі бабалар өмір салтын берік ұстанған жанмен «жеті қазынаның» бірі аталған асыл текті тазы тұқымы туралы кеңірек білу мақсатында сұхбат құрған едік.

Бүгінгі тазылар бұрынғыдай емес

– Ұлағат мырза, сізді ақындық өнеріңізден бөлек, саятшылықты серік еткеніңізді білеміз. Бүгінде қазақ өмір салтынан алыстап бара жатқан саятшылыққа қызығушылығыңыз қалай туындады?

– Менің саятшылыққа, қазақтың аңшылық танымына, тазыға деген қызығушылығым бір күнде ғана пайда бола қалған жоқ. Әкелерімізден қалған, ағаларымыздан көрген үлкен таным еді. Бала кезімізде біздің ауылда санаулы ғана адам тұрды. Сол санаулы елді бүкіл жұрт сыйлайтын. Себебі олар ат ұстап, тазы ертіп, саятшылықты, аңшылықты серік еткен жандар болды. Жан-жақтан ауып келетін аңдарды аулап, сол ауылды азан-қазан қылып жатушы еді. Сол кездері ауылдың жұрты тайлы-тұяғымен, тіпті ауданның атқамінерлері келіп аңшылардың үйіне жиналып, саятшылықтағы, аңшылықтағы қызықты әңгімені тыңдауға құмартып отыратын. Сол кезде біз де құлағымызды тосып, ұйып тыңдайтынбыз. Сол ағалар өзінің саятшылықтағы өмірлерін, жылдар бойы жинаған тәжірибелерін бізге азық болсын дейтін көрінеді. Біздің санамызға да солай сіңген дүние еді бұл. Одан бөлек, есейе келе бойымызға дарыған жазусызудан басқа қазақ руханиятына, қазақтың ұлттық құнды-лықтарына қалай еңбек сіңіре аламыз деген ойдың мазалай бастағаны рас. Тым болмағанда өсіріп отырған ұл-қыздарымызға қазақтың дегдар өнерін насихаттап кетейік деген мақсатмұратымыз бар.

– Қазақта «Ит жақсысы – тазы» дейді. Бұл туралы көп жерде айтып, жазып жүрсіз. Жалпы, бүгінгі қазақтың түсінігіндегі тазы мен бұрынғы қазақтың түсінігіндегі тазының айырмашылығы бар ма?

– Қазақтың бұрынғы тазысы мен қазіргі тазысының арасында айырмашылық жоқ. Бұрындары да тазыларда будан болған, қазір де бар. Бірақ қазақ оның айырмасын көрсетіп кеткен. Тазы, одан бөлек тазы тұқымдасына жататын «қайың қаптал», «дүрегей» деген будан түрлері бар. Төбетпен қосылған қосындыларын осылай дейді. Тазы ұстаған үлкендердің аузында «бір тазы бүкіл бір ауылды асыраған» деген әңгімелер көп айтылады. Бұл сөздің түп-төркінін көбі түсіне бермейді. Бір тазы бір ауылды тұрмақ бір үйді асырай алса, оның өзі – үлкен жетістік. Ал бір ауылды асырау деген әсірелеп айтылған ба деп ойлайтынмын. Сөйтсем, бұл рас әңгіме екен. Ашаршылық кезеңін көрген адамдар өздерінің көзімен көрген әңгімелерін естігесін сендім. «Пah, шіркін, түгенше деген жанның пәленше деген тазысы бір рулы елді асырап еді-ау» деп тамсанып айтқан әңгімелеріне куә болдым. Бір рулы ел деген әжептеуір үлкен қауым ғой. Сондай үлкен халықты асырау үшін ол тазының жүйріктігі, алғырлығы, жүректілігі, шыдамдылығы қандай болды екен деп ойланамын, кейде. Сонымен қатар оны сондай алғыр қылып баптаған саятшы да осал болмаған болып тұр ғой. Ал қазіргі өзін саятшы, аңшы санап жүргендердің көбі ол танымнан ажырап қалған. Олардан бөлек, тіпті филолог, әдебиетшілер, тарихшылардың өзі қазақтың саятшылыққа қатысты сөздерін әдебиетте қолданғанмен түп мәнін түсіне бермейді. Мәселен, қарапайым «соқталаған», «соқталау» деген сөз бар. Ол дегеніміз өзі соғып алған аңының жылы-жұмсағын жеп, сонымен ауыздануды айтады. Ауызданбаған, аңсырап қалған тазылар шығып кетіп жоғалып кеткен кезде шалдар «аңшының кешіккені несі, соқталап кеткен шығар» деп отыратыны содан. Бұл сөз жігіттерге де, жорыққұмар азаматтарға да айтыла береді. Байырғы тазы мен қазіргі тазының айырмасы жер мен көктей болатын себебі бұрынғы тазылар аттың бауырынан, үзеңгінің табанынан келетін ірі, биік болып келетін. Қазір ондай тазыны көрсе жын көргендей шошынып, «тазы деген осындай болушы ма еді?» дейтін сипатта сұрақтар қойып, «мынауың қайың қаптал ғой, дүрегей шалыс сияқты» деген күмәнді әңгімелердің де шетін шығарады. Мұның барлығы – біздің танымымыздан ажырап қалғандығымыздың көрінісі. Бірақ бұл қазақтың тазысы жоғалып кетті дегенді білдірмейді, жай қазақтың тазысы ұсақталып кетті дегенді білдірсе керек-ті. Мәселен, тіпті 80-90 жылдардағы тазылардың өзі жалғыз барып қасқырмен алыса беретін болған. Бертін келе екі тазы бір қасқырға жабылатынды шығарды. Ал қазір үш тазымыз бір қасқырды алса, соған тазымыз қасқыр алды деп қуанып жүрміз. Тіпті, жабылып бес итпен, жеті-сегіз итпен қасқыр алып жатса, «ей, жарықтық тегіне, қанына тартқан екен» деп жатамыз. Шындығында, қателігіміз сол.

– Елімізде тазылар арасында додалар өтіп тұра ма? Сіз қатысып па едіңіз?

– Мұндай додалар жиі болмаса да жылына бір рет өтіп тұрады. Жылына екі рет өтсе, кәдімгідей аңшылар мен саятшылар мәре-сәре болып қалады. Өйткені ондай шараларды өткізу – қиынның қиыны. Біз жыл сайын «салбурын» деген шара ұйымдастырамыз. Дәстүрлі аңшылыққа қатысты өзіміздің WhatsApp тобымыз бар. Сол топта біраз жігіттер ақылдасып, топ-топтан немесе жеке-жеке саятшылық құратын кезіміз болады. Бұл қасқыр алатын тазылармен шығатын кез, яғни текебұрқақ пен бөрісырғақ арасы. Қараша айы мен ақпан айының арасындағы еліміздің қай түкпірінде қасқыр жылт етіп көрінсе, соған аттанамыз. Бұл уақыт – тазының да, қасқырдың да кемеліне келіп, толысар шағы. Осы екі күштінің бабы мен бағын сынайтын сәт – аңшылар үшін ең бақытты кезең. Бұл жылына бір рет қана болады. Ал енді шырға тартып немесе бір-бірімен бәсекелесіп, жарыстырып елікке қосып, қоян алдырып, борсық ілдіріп жататын жарыстар болады. Олардың барлығына бірдей қатысып жататын мүмкіндік бола бермейді. 2019 жылы Көкшетаудың Елікті деген жерінде сондай бір дода болды. Соған қатысқанмын. Бір тазыны ат соңында күндіз-түні дамылдырмай жиырма күн жүгіртіп, шырға тарту жарысына қосып, қасқыр алатын тазылардың арасында өзіміздің тазымыздың бағын сынап, жүлделі орыннан көрініп қайтқан кез болды. Барлық сондай жарыстардың басы қасында жүреміз, ұйымдастырушы ретінде, қатысушы ретінде. Бірақ енді жарысқа аса құмар емеспін. Себебі шырға тартуға, балапан бүркіттерді, күшіктерді салатын болған. Ал далада тірі аң көрген, ауызданған, қоян ілген бүркітті яки тазыны қайтадан шырғаға тартпайтын болған. Бұл енді қазақ үшін мазақ нәрсе. Бірақ кейінгі кезде спорттық жарыстар деген сипатта түрлі-түрлі жерлерде шырға тарту деп шоуға, бизнеске айналдырып жүргендер бар. Бұл да бір үлкен қателік деп ойлаймын.

– Сізді қазақтың ұлттық дүниетанымы, саятшылық өнері туралы кітап жазып жатыр деп естідік. Бұл кітапта тазыларға қатысты қандай тың деректер бар?

– «Қашпаған қашардың уызынан дәметпе» дейді емес пе қазақ. Кейде өзімізден бұрын атымыз, дақпыртымыз елге тарап кететіні бар ғой. Иә, қазақтың аңшылық танымы туралы бір дүние бастап жатырмын. Үлкен ағаларымыз «аңшылық мектебі» деп айтсаңшы деп кеңес айтып жатыр. Бірақ мен оған қарсылық білдірдім. Себебі бұл да бір дүниетанымның бір бөлшегі. Мектеп десе белгілі бір аймақпен ғана шектеліп қалатын сияқты көрінеді. Сондықтан жазып жатқан дүнием – қазақтың аңшылық танымы, нақты айтсам саятшылық төңірегіндегі дүниелер. Ол көркем шығарма бола ма, жай бір жинақ бола ма, оны әзірге шешпедім. Аяқталмаған дүние. Қашан бітеді, қалай аяқталады – барлығы қаражатқа байланысты. Бірақ айтары мол, түсінігі терең бір дүние бере аламыз деп ойлаймын. Себебі осы уақытқа дейінгі жазылған еңбектерде, дүниелерде көп жайттар ескерусіз қалған. Оны жазған авторларға ешқандай ренішіміз жоқ. Өйткені қатаң цензурадан өтпей қалған деп түсінеміз. Қазақтың қаншалықты дүниетанымының терең екенін көрсететін дүниелер алынып тасталды. Сондай қиылып қалған, өшіп қалған, еміс-еміс емеурінмен ғана айтылған дүниелерді жаңғыртып, кеңінен тарқатып берсек деген ниетіміз бар. Сол ниетте жұмыс істеп жатырмыз. Бір ғана ерекшелігін айтатын болсам, саятшылыққа қатысты 4 мыңға жуық сөздің дерегі жоқ. Бірақ аңшылық танымда бар нәрсе. Соның ең болмағанда 100-ін мағынасын ашып, қаузап жазып бере алсақ үлкен олжа болар еді. Осы салада ізденіп жүргеніме көп жылдар болды. Аңшылыққа қатысты қандай да бір тың дерекке жолықсам, түртіп алып қойын дәптеріме көшіріп аламын. Бала күнгі әдетім сол. Кейін бір қажетке жарайтыны анық.

– Қазір мылтықпен, қарда жүретін шанамен, түрлі техниканың көмегімен қасқыр алып жатқандар бар. Бұл қаншалықты дұрыс. Дала заңына бағынатын қазақтар тіпті аңның қашып үлгеруіне де мүмкіндік беруші еді...

– Жалпы, өз басым аңшылықтың барлық түрін қолдаймын. Мылтықпен алсын, бүркітпен яки тазымен, атпен немесе шанамен алсын аңшылыққа қарсылығым жоқ. Ал заңсыз броконерлік жолмен аулағанға түбегейлі қарсымын. Ол әркімнің өз еркі. Барлығы шеберлікті, ыждаһаттылықты, шыдамдылықты, ұзақ уақыт дайындықты талап етеді. Қазақта қақпаншылық та, қармақшылық та, абақпен аулау да, тор, тұзақ құру да бәрі бар нәрсе. Ешқайсысы жат емес. Бірақ осыларды жат қылып көрсететін – біздің псевдо табиғат қорғаушылар. Неге олай айтып отырмын? Себебі оны айтып отыратын – көбіне шетел азаматтары. Олар, менінше, қазақтың аңшылық өмір салтын қызғанатын секілді. Неге десеңіз, жалаң қолмен қасқыр алған орысты немесе Еуропадағы басқа ұлтты көрген де естіген де емеспін. Бірақ, моңғолдардың, буряттардың, қырғыздардың, ноғайлардың үзеңгімен, шоқпармен қасқырды соғып алғанын жиі естиміз. Өйткені көшпенді елдердің танымында бар. Түркілік танымды айтамын. Ол таным ешқандай қоршаған ортаға кесірін тигізетін таным емес, ержүректілік пен мейірімділікті тең ұстаған таным деп айтар едім.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Наурызбек САРША

БІР ҮЙДІҢ БАЛАСЫНДАЙ...

Елімізде 2019 жылы бастау алған «Жас қазақ» жазғы этнолагері биылғы маусымын да сәтті аяқтады. Жылдан жылға ауқымы кеңейіп, деңгейі жоғарылап келе жатқан жобаның мақсаты – әлемнің түкпір-түкпірінде тарыдай шашылған этникалық қазақ балаларының басын қосып, Атажұртқа әкеліп, тарихымызды, дінімізді, ділімізді һәм рухани құндылықтарымызды дәріптей отырып, табиғат аясында әдемі демалыс сыйлау.

Екі аптаға созылған жазғы этнолагерь табиғаты әсем, ауасы таза Бурабай төріндегі Iqanat High School of Burabay мектебінде өтті. Әлемнің 8 мемлекетінен атап айтсақ, АҚШ, Иран, Беларусь, Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия және Ресейден 200-ге жуық этникалық қазақ баласы келді. Кейбірі шекарадан асып, елге аяқ басқанда қуаныштың көз жасына ерік бергендерін жасырмады.

Талапты да талантты балалардың қалыптасқан дағдыларын әрі қарай шыңдау мақсатында лагерьдегі сабақ кестесі де соған сай құрылды. Дәлірек айтсақ, асық ойнау, садақ ату, домбыра шерту, алтыбақан тебу, атпен серуен, киіз үй тігу сынды ұлттық ойындардан бөлек, заманауи сала мобилографиядан да сабақ алды. Сондай-ақ нейрондық желі, жасанды интеллект бойынша таным көкжиектерін кеңейтті.

Лагерьдегі балалар қазақтың тарихына сай ордаларға бөліну арқылы топтасып, әрқайсысы өз ұрандарын шығарды. Орда болып жарысып, түрлі байқаулар ұйымдастырып, көшбасшылық қабілеттерін шындады. «Хор байқауы», «Мақал-мәтел сайысы» мен «Домбыра party» әлеуметтік желіде де қызу талқыланып, көпшіліктің жүрегінен орын тапты. Жарыстар легін «Қазақстан тарихы» жалғастырды. Этнолагерь қатысушылары Қазақстан тарихынан білімдерін тексеріп, тест тапсырмаларын орындады.

Этнолагерьдің жабылу салтанатында сөз сөйлеген «Отандастар қоры» КеАҚ президенті Абзал Сапарбекұлы лагерьге қатысқан барлық оқушыға алғысын білдірді.

«Міне, екі аптаға созылған жазғы этнолагерь өз мәресіне жетті. Табиғаты таңғажайып Бурабайда өткізген осынау демалыс бәріңе ерекше көңіл күй мен ұмытылмас мол әсер сыйлады деп ойлаймын. Әлемнің 8 мемлекетінен келген қазақтар бір-біріңмен танысып, бір үйдің баласындай болып кеттіңдер. Ең бастысы, әлемнің қай жерінде жүрсеңдер де, барлық қазақтың ұлы Отаны, арқа сүйер Атажұрты – Қазақ елі бар екенін сезіндіңдер деп білемін. Осы «Жас қазақ» жазғы этнолагерін ұйымдастырып отырған «Отандастар қоры» да мемлекет тарапынан осы мақсатта құрылған. Біздің қор осындай жазғы лагерьді үшінші рет ұйымдастырып отыр. Келесі жылы қатарымыз бұдан да көп болады деп ойлаймын», – деді ол өз сөзінде.

Кеш соңы қандас оқушылардың арнайы жабылу салтанатына әзірлеген қорытынды концертіне ұласты. Одан бөлек, Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымы өнерпаздары әуезді әндері мен күмбірлеген күйлерін тарту етті. Бұдан соң барша бала бірігіп, «Қара жорға» биін биледі.

А.ҚАЗАҚ

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – ЫСҚАҚ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – **Амангелді ҚҰРМЕТ**
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4326
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Көктем ҚАРҚЫН